ЖАС ҚАЗАҚ

ISSN 2074-899X

№50
(674)
22 желтоқсан
2017 жыл

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ТҮЙТКІЛ

ҚАРАУСЫЗ ҚАЙЫН АТА немесе АҚПАРАТҚА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

«Ақтөбеде қайырымсыз келін жарымжан қайын атасын баспанасыздардың тұрағына әкеліп, есік көзіне тастап кетіпті» – деген ақпарат сайттар мен әлеуметтік желіде қардай борады. Жұрт атасын баспанасыздардың тұрағына өткізген келінді «тасбауыр, безбүйрек» – деп, әбден тілдеді. Сайттар таратқан хабарға орай, біз мәселенің мән-жайын білу үшін Ақтөбе облыстық белгілі тұрағы жоқ және қылмыстық жазасын өтеген тұлғаларды бейімдеу орталығына хабарластық. Орталықтың директоры Сабырғали Дәулетов орнында болмай шықты. Директордың орынбасары Жалын Молдағалиев телефон арқылы сұхбат беруге келісті. Оның бізге айтқан әңгімесіне қарағанда, ғаламторда жарияланған ақпараттың шынайы бет-бейнесі мүлде басқа екен. Ал жалпақ жұрт соған сеніп отыр.

Жалын Молдағалиев

– Жалын мырза, сіздердің орталыққа келіні әкеліп тастаған қария туралы білсек деген едік.

– Ол – қария емес. Серғали Боранбаев деген 1961 жылы туған, 56 жастағы Ақтөбенің азаматы. Жас шамасына қарасаңыз, қартайып тұрғаны шамалы.

– Сайттарда қария деп ақпарат берген еді?..

– Жоқ, ұзақ жылдар бойы арақ ішкен. Әйтпесе, тепсе темір үзетін-ақ жігіт ағасы. Ішімдіктің кесірінен ерте қартайып, инсульт алып, орнынан тұра алмай жатып қалыпты. Келіні асырай алмаған соң осында әкеліп тастады. Қазір ауруханада ем алып жатыр.

– Келінінен басқа балалары жоқ па? Мүгедек адамды, оның үстіне қайын атасын келінінің асырауы қиын шаруа сияқты...

– Баласы түрмеде жазасын өтеп жатыр. Келінінен басқа асыраушысы жоқ. Бірақ келінінің өзі жанын әрең бағып отырған көпбалалы ана. Атасын асырап-бақпағаны үшін оны кінәлаудың өзі артық. Серғали Боранбаевтың ұлымен азаматтық некеде тұрған. Төрт балалы жас ана жатақхананың бір бөлмесін ғана паналап жүр.

– Енді түсінікті болды.

– Ақпараттың шынайы бет-бейнесі осылай. Төрт баланы әрең асырап отырған жас ана қазір мектепте еден жуып, содан алатын азын-аулақ тиын-тебенмен жанын жалдап, әрең күнелтіп жүр. Күні бойы жұмыста болады екен. Қайын атасына қарайтын ешкім болмаған соң, осында әкеліп тастады.

– Әйелі мен басқа жақындары ше?

– Әйелі туралы ешнәрсе айтпады. Ұзатылған қыздары бар. Бірақ әкесінің артынан ешқайсысы келген жоқ. Туған інісі мен әпкесі де бар дейді. Алайда асырап-бағамын деген жақын туыс-туғандарын көрген жоқпыз. Оның үстіне, үш рет инсульт алып, 1-топтағы мүгедек болып қалған адамды бағып-қағу деген азаппен бірдей шаруа. Біздің орталық қызметкерлерінің міндетіне ондай қызмет түрі кірмейді. Бірақ амалымыз жоқ. Келген соң, қараймыз, бағамыз.

– Ғаламторда тараған ақпаратта мұндай дүниенің бірде-бірі айтылмаған еді.

– Иә, сайттар мен әлеуметтік желіде тараған ақпаратта мәселенің мән жайы біржақты жазылыпты. Ал шындық мүлде басқаша. Сізден өтінетініміз, мәселені біржақты жазбай және бұрмаламай берсеңіздер...

– Әрине, сіз не айттыңыз, соны жариялаймыз ғой.

(Жалғасы 3-бетте)

4 МОДЕРНИЗАЦИЯ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК

5 ҚАЗАҚ АУЫЛЫНАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

6 ҚАСҚЫРДЫ ҚОРЛАУҒА БОЛА МА?!

8 ТҰРБАТ. ЫСМАЙЫЛ АТА КЕСЕНЕСІ

on the web JASQAZAQ.KZ

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	DOLLAR	EURO	АЛТЫН (ун.)
64,44	334,13	396,91	1268,50

ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

ЖАНАЗАДАН АҚША ЖАСАУ

Көптен көрмеген курстас досым екеуміз күтпеген жерден кездесіп қалып, жақындау деген дәмханалардың бірінде түскі ас іштік. «Жақында қайын бикеме уақыт болды. Өзіңді көріп отырған соң, хабарымды жеткізгенім ғой. Қырық күндік кәдесі келер аптада өтеді. Ертең бейітін көтереміз» дей бергенінде, телефоны шыр ете түсті.

(Жалғасы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«ӨТКЕН – ӨРЕУІЛ, ҚАЛҒАН – САЛАУАТ»

Қазіргі кезде жастар жағы кітап оқымайды. Керек дүниесін интернеттен шала-жансар жазылған күйінде оқып, миларын соған шынықтырады. Олардың көбі дұрыс сөйлеуден, дұрыс жазудан, ойлаудан қалуы – адамзаттық қасірет. Мұны әлем ойшылдары дабыл қағып айтып жатыр.

(Толығырақ 7-бетте)

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 3-бетте)

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҮКІМЕТ

«Мүгедектікті анықтауды электрондық форматқа көшіру мәселесін 2019 жылдың ортасы деп белгілеп қойыппыз. Бұл өте маңызды мәселе. Оны қазір шешу қажет. Өзі мүгедек, аяқ-қолы жоқ, 2 жыл күтіп жүруі қажет пе? Бүкіл дүниежүзіне «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қабылдадық деп жарияладық. Жарымжан адамдарға қызмет көрсетуді ең соңына ысырып қойып отырмыз. Осы дұрыс па? Жоқ, менің ойымша, дұрыс емес». Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев бұл жетідегі үкімет отырысында осындай түйткілді мәселені көтеріп, мүгедектікті анықтау қызметін электрондық форматқа көшіру жұмысын жеделдетуді тапсырды.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ САПАЛЫ БОЛСЫН

Үкімет басшысы жиында «Халыққа электрондық түрде қызмет көрсету мәселесі бойынша жұмыс жүріп жатқанын көріп отырмыз. Бұл мәселе үкіметте де бірнеше мәрте қаралды. Дәурен Әскербекұлы *(Д.Абаев, ақпарат және коммуникациялар министрі – ред)* «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қабылданғаннан кейін жаңа деңгейге шығу қажет. Қазір қызметтің 85 пайызы мемлекеттік корпорацияға беріліп, жоғары көрсеткішке де қол жеткіздік» – деді. Сонымен қатар ол халыққа көрсетілетін электрондық қызмет барынша сапалы болуы тиіс екенін баса айтты. Электрондық үкіметті дамытудың 2020 жылға дейінгі жоспарлануы жөнінде сөз қозғалды. Б.Сағынтаев «Цифрлық әлем жылдам өзгеруде. Біз 2 жылға жоспарлап қойыппыз. 2 жылдан кейін ол қызметтер мүлдем ешкімге қажет болмай қалуы ықтимал. Мүлдем басқа технологиялар пайда болуы мүмкін», – деді. Мұнан бөлек, үкімет басшысы еліміздің ақпарат және коммуникациялар министрінен «Осы жылдың соңына дейін баланың туу туралы анықтаманы электрондық түрде беру жүзеге асырыла ма?» – деп сұрады. Бұған Д.Абаев «Біз регламенттеу сияқты көптеген ішкі мәселені шештік. Иә, жылдың соңына дейін іске қосылады», – деп жауап берді.

Сондай-ақ жиын барысында үкімет басшысы нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасына қатысты нақты тапсырма жүктеп, осы бағытта атқарылып жатқан жұмысқа оң баға берді. Бүгінде отандастарымыз кәсіпкерлікпен айналысуға ынталы әрі белсенділік танытуда. Бұл қуантарлық жағдай. Дегенмен де үкімет мүшелеріне нәтижелі жұмыспен қамту шараларын тиімді жүзеге асыруға ерекше мән беру керектігін тапсырды. Осы орайда Премьер-Министр өзінің орынбасары Ерболат Досаевқа жасалған тиісті ұсыныстарды қайта қарап, қажет болған жағдайда бағдарламаға тиісті өзгеріс енгізуді қарастыруды жүктеді. Үкімет отырысы барысында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова жүзеге асырылып жатқан нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында бірқатар ауқымды шара атқарылғанын сөз етті. Министрдің сөзіне сенсек, бүгінгі таңда бағдарламаға қатысушылар саны 527 мыңға жеткен. Оның ішінде 50 пайыздан астамы ауыл тұрғыны. Өткен 11 айдың ішінде еліміз бойынша 279 мың отандасымыз тұрақты жұмысқа орналасыпты.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t°

Алматы. Түнгі клуб. Құлақ тұндыратын ессіз музыка, есер би. Сықырлаған көк қағаз. Сыландаған сұлу. Тыр жалаңаш шешінген қыз. Құлағы тесілген жігіт. Бұл әйдік қала Алматының түнгі өмірі.

Мереке, мейрам қарсаңында түнгі клубтағы жын-ойнақ әдеттегіден артық қайнап кететін «дәстүр» бар. Бұл жолы есті жұрт тәуелсіздік күнін тойлап жатқанда, әлгі ессіз әуен мен есер биге еліткен жастар мүлде жат қылық көрсетіп, сезім болсын ба? Аспан асты елін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстауды мұрат еткен Гоминдаң деген үкімет жер бетінен жойылып, оның басшысы Жиаң Жеші Тайвань аралынан бір-ақ шықты. Алып Қытайдан пана таппай, бас сауғалап жеткен жері – алақандай арал. Тарихтың мұндай ақтаңдағынан біз не түсінеміз?

Гоминдаң деген үкімет әрі бай, әрі қуатты ел болды. Бірақ ол Мау Зыдұң құрған *(Мао Цзе дун)* Гұңшәндаң үкіметінен ойсырай жеңілді.

АР-ҰЯТТЫҢ АРЗАНДАҒАНЫ

немесе 50 мың теңгеге шешінгендер

ел алдында масқара болып жатты. Нақтырақ айтайық. Алматының бір түнгі клубында 50 мың теңге үшін тыр жалаңаш шешініп, ел алдында ойқастаған қыздың әрекеті әлеуметтік желіні әлі жарып тұр...

«Ақша үшін арын сатыпты» – дегенді жиі еститінбіз. Бірақ «Жұрт алдында ашықтан-ашық шешініп, ақша үшін айпара саудаласыпты» – дегенді естісек те, көзбен көрмеген едік. Мынау, тіпті масқара! Таң қалудың өзі мынадай тұрпайы әдепсіздікті ақтай алмайтын сияқты.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары көпшілік алдында шешініп тастау, тыр жалаңаш билеу, той-томалақта лыпасыз ойын қою деген сияқты менталитетімізге жат қылық көбейіп кетті. Бұл ар-ұяттың арзандағаны ма, әлде тәрбиенің таяздағаны ма? Қалай десек те, ақтап ала алмайтын ақиқат.

Осыдан 70 жылға жуық уақыт бұрын дәл осындай жағдай Қытайда да болған. Гоминдаң партиясының басшысы Жиаң Жеші *(Чан Кай ши)* жарты Қытайды билеп тұрған кезде ханзу ұлтының қыздары жаппай арын сатып, ақша үшін ұят, намысты сырып тастаған-ды. Бұл – шынайы тарих. Соңы не болды? Бойынан адамдық ары арылған адамда жағымды Неге? Себебі халықтың бойындағы елдік рух, ұлттық намыс деген ерекше қасиет өше бастаған. Намысы аяқ асты болған халықта елін, жерін қорғайтын күрескерлік мінез болмайды. Арзан өмірге, ашық-шашық жүріске, ұятсыз, арсыздыққа үйренген ұлттан мемлекетшілдік сезім мүлде өледі. Гоминдаң солай күйреді. Тарихтан сабақ алмасақ та, ақиқатты мойындай білгеніміз абзал.

Алматыға кеш үйірілсе, ондаған-жүздеген түнгі клубтың араны абжыландай ашылады. Өйткені, сол түні қанша қаракөз қыздың ары тапталып, қанша сұлу ақша үшін жалаңаш биге басады десеңізші?! Міне, бүгін де әлгі лыпасыз қыздың қолаң шашындай қап-қара түн құшағын ашып, әйдік шаһарға жалаңаш қараңғылық орнап келеді. Анау көшенің бойымен үрімдей үлбіреген бес-алты қыз әлгі самаладай жанған жын-ойнаққа қарай ақ балтыры ағаранданып, тойдан құр қалғандай асығып-үсігіп келе жатыр. 50 мың теңге үшін бүгін қай қыздың абыройы төгілер екен – деген суық ой санамды аралап бара жатыр.

Жарас ШӨКЕ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

59

млн теңге. Әйгілі велошабандоз Александр Винокуров «пара берді» – деп айыпталып отыр

7

жыл. Алматы зообағында 1,2 млн теңге жымқырған есепші сотталды

1,2

млн теңге. Шымкентте мембағдарлама арқылы ақша алып беремін деп алдаған алаяқ ұсталды

Сөз-Жебе

Гүлнар БИЖАНОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша 38,8 млрд теңге қарастырылған. Бүгінде жергілікті атқарушы мекемелер соның 30,8 млрд теңгесін игеріп тастады. Алайда бағдарлама әкімшілігі тарапынан бақылау болмағандықтан, кейбір шенділер бармақ басты, көз қысты әрекетке барып отыр. Еліміз бойынша жүргізілген тексеру жұмысы осыны дәлелдеді. Қазына қаржысы жымқырылғаны анықталған. Бүгінде 29 қылмыстық іс қозғалып, оның 14-і сотқа жіберілді. Келтірілген шығын көлемі – 258 млн теңге»

Тақырыпқа орай

Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі:

«Адамдардың сана-сезімін өзгерту керек. Жастарды ұлттық дәстүрге, салтымызға сай тәрбиелеген жөн. Өкінішке қарай, жастар арасында қылмыс, тәртіп бұзу көбейіп барады. Күн сайын облыстық ішкі істер департаментінен жедел ақпарат алып отырамын. Қыздардың бір-бірімен төбелескенін оқып, жүрегің ауырады. Қыздарымыз не болып барады? Олар 15 жасында балалы болса қатты қынжыласың. Ертеңіміз, болашағымыз не болады? – деп ойланамыз»

7 сөз

Астанада салмағы 5,4 келі қыз дүниеге келді

АПТАНЫҢ АЙҒАҒЫ



Жаңа жыл қарсаңында Қытайдан заңсыз жолмен ширек тонна қара уылдырық пен ішік алып өтпек болғандардың жолы кесілді. «Қорғас» өткізу бекетінің қызметкерлері 250 келі қара уылдырық заңсыз алып өтпекші болған 26 жастағы отандасымызды құрықтады. Сондай-ақ 41 жастағы тағы бір отандасымыз тері бұйымдарын және түлкі терісінен тігілген 6 ішікті шекарадан алып өтпек болған.

Жарты миллионнан астам отандасымыз мемлекетке қарыз болғандықтан, шетелге шыға алмайды. Қазіргі уақытта 396 борышкер 24 млн 391 мың теңге көлеміндегі айыппұл өтеді.

Көлік жүргізушілеріне бірқатар жеңілдік жасалмақ. Мәселен, енді мүгедектерге арналған тұраққа машинасын қойғандар 22 мың теңге айыппұл арқалайды. Бұрын 113 мың теңге төлейтін. Ал қарсы жолаққа шығып кеткендер 6 айға жүргізуші куәлігінен айырылады. Бұған дейін бір жыл еді. Күндіз көлігінің шамын жақпағандарға ескерту жасалады. Егер де жол ержесін тағы бұзса, 7 мың теңге көлемінде айыппұл төлейді. Бұдан былай ұсақ-түйек заң бұзушылыққа көбіне ескерту жасалады.

QOĞAM 3
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Естімеген елде көп

ЖАНАЗАДАН АҚША ЖАСАУ

(Басы 1-бетте)

Әңгімесін кілт тоқтатқан досымның тұтқаны алғаны сол-ақ еді, қоңыраудың ар жағындағы дауыс бейіт көтеруге барлық материалдың дайын екендігін, алдын ала төлем жасалса, жігіттердің дереу іске кірісетінін айтып жатты. ЕленДей қалдық. Жүзімдегі сұрау белгісін байқаған досым «қазір салт-жоралғымен, жерлеу рәсімімен айналысатын компания бар ғой» деп қысқа қайырды.

ТУМАҚ ХАҚ, ӨЛМЕК ХАҚ

Жұмысқа келісіммен ғаламторды ақтарып көрдім. Айтса айтқандай, расымен де, ондай орталықтар Атырауда көп екен. Бірқатарына қоңырау шалып та көрдік. Өзін Сырым Құлшиев деп таныстырған кәсіпкер орталықтың жұмысымен танысып шығуымызға келісімін берді. Келісілген уақытта қағаз-қаламды сайлап, біз де жолға шықтық.

Атыраулықтар «ноғай мәйіті» атап кеткен қорым маңында орналасқан салт-жоралғы орталығынан бізді келіскен кәсіпкерімізден бұрын әдемі айшық, мрамор, граниттен соғылған құлпытас, гүл десте «қарсы алды». Бейіттің музейіне келгендей әсерде болған біз хатшы қызбен арадағы қысқа сұхбаттан соң, орталықтың иесіне қарай аяңдадық. «Таң қалмаңыз, бұл да өмір. Бұл – өмірдің қарапайым ғана заңдылығы. Тумақ хақ, өлмек хақ» деп қарсы алды бізді Сырым Құлшиев.

Ол «Әкем марқұм кезінде шебер суретші атанған кісі еді. Көркем өнерге деген қызығушылық әкемнің қанымен берілсе керек. Бастапқыда туыстардың қазасына көмек ретінде қатысып жүрген маған кейін осы істі кәсіпке айналдыру туралы идея келді. Қазір нарықта сервистік қызметке сұраныс жоғары. Біздің қызметіміз де сол қажеттіліктен туып отыр» – дейді. Оның айтуынша, өзі басқаратын орталық қабір қазудан бастап, марқұмды ақтық сапарға аттандыру, жаназа, яғни жерлеуге қажетті рәсімнің барлық түрімен айналысады екен.

Орталықтың тағы бір ерекшелігі – жер бөлу мәселесімен де тікелей айналысады. С.Құлшиев «Марқұмдардың тізімін арнайы журналға анықтамамен қоса, тіркеп отырамыз. Бұл – марқұмның туыстары сұрау салған уақытта керек болады. Біз клиенттеріміздің дініне қарамаймыз. Яғни, бір мезгілде христианды да, мұсылманды да, иудейді де жерлеуіміз мүмкін. Күніне бір кісіні, кейде екі адамды жер қойнына тапсыратын жағдай болады. Қалалықтар өз алдына, қызметімізге сұраныс аудандардан да түсіп жатады» – деді.

ҚАБІР ҚАЗУ – 30 МЫҢ ТЕҢГЕ

Сонымен, таныс болыңыз. Орталық бейіт қазу қызметі үшін 30 мың теңге алады. Бейіт көтеру қызметінің құны қорымның аумағы, көлеміне байланысты анықталады. «Ерекше» бизнестің иесі «Клиенттер бейітті көтеруге негізінен селикат тасқа тапсырыс береді. Жұмыс маусымы әсіресе, сәуір, мамыр айында қызады. Қыс мезгілдерінде негізгі күш көр қазуға кетеді. Ал мазар тұрғызу маусымы көктемнен басталады. Себебі ол кезде табиғат әлдеқайда қолайлырақ. Ал табыт клиенттерге тегін беріледі. Себебі мәйітті арулап көмгеннен кейін, табытты өзімізбен бірге алып кетеміз» – дейді.

Осы кезде әңгімемізді асығыс тоқтаған көліктің гүрілі бұзды. Тысқа шыққанымыз сол еді, «соңғы сапар» деген жазуы бар алып газель көзімізге оттай басылды. Көлікке әлгіндей тіркестің жазылуына қаншалықты қажеттіліктің барын білмедік. Десе де, кәсіпкер жазудың өзі жүрек тұсынды шымырлатып жіберетінін, әсіресе, үлкен кісілер үшін ыңғайлы екенін айтып қалды. «Бұл көлік мәйітті бүлдірмей, соқтырмай тасымалдауға, әрі үлкен кісілердің жеңіл-мініп түсуі үшін де ыңғайлы. Көлік жазда салқындықты сақтайды. Қыста суық кіргізбейді. Бір сөзбен айтқанда, мәйіттің бұзылмай сақталуы үшін көлікте бар жағдай қарастырылған» – деп түсіндірді.

Қаралы үйдің жақындарымен бұл тақырыпта сөз қозғау, әрине, қиын. Сондықтан, келушілердің психологиялық көңіл-күйі туралы сұрағымызды кәсіпкердің өзіне қоюға тура келді. «Көп жағдайда мұндай шаруаны үйлестіруге топтанып әйел адам келеді. «Қайғы бөліссе азаяды» деген сөз бар ғой. Ондайда барымызша жылы қабақпен қарсы алып, жыласа жұбату сөзімізді айтып, сабырға шақырамыз. Кейде бір күнде бірнеше адамның мұң-зарын тыңдауға тура келетін жағдай болады. Өмір болған соң, бұл да заңдылық. Ал келушінің материалдық жағдайына қарап, жеңілдік те жасаймыз. Қызығы, көп жағдайда қалталы азаматтар саудаласып жатады» деген кәсіпкер бір адамға толықтай қызмет көрсетуге кемінде 15-20 күнге дейін уақыт жұмсалатынын айтты. Ал толықтай қызмет көрсету құны 200 мың теңгеден жоғары.

ӘР КҮНІМІЗДІ БАҒАЛАЙ БІЛЕЙІК

Осындай қызмет көрсету орталықтарының бірінде қызмет істейтін Айгүл күн сайын әр атқан таңы үшін шүкіршілік ететінін айтады. Ол «Өйткені, менің жұмысым қаралы отбасылармен тікелей байланысты. Әйел адам болғандықтан ба, қайғы жұтып отырған адамдардың әр сөзін жүрегіме жақын қабылдаймын. Болмашы нәрсе үшін жабырқап, өмірдің мәнін түсіне алмай жататынымыз өкінішті» – дейді. Десе де, Айгүлге жұмысы ұнайды екен. Көбіне адамдардан тапсырыс қабылдаймын. Құлпытастардың түрін, бейіттің формасын ұсынамын. Бұрын халық құлпытасқа сурет салдырғанды күп көретін. Қазір көпшілігі суретті таңдамайтын болды. Сондықтан, суреттің орнына мешіттен алып, арабша сөз бастырып жазамыз. Негізгі еңбек – жер қазушы, жерлеумен айналысатын жігіттердікі. Біздің шеберлеріміз де өз ісінің мамандары» – деп сөзін толықтырды. Айгүлдің айтуынша, бастапқыда оның жаңа жұмысына отбасы, әсіресе, жолдасы тосырқай қараған. «Бірақ қазір бұл қызмет түріне таңдануға болмайды. Бұл – нарықтың талабы» – деп бізбен жылы қоштасты.

Қазақта әдетте «тал бесіктен жер бесікке дейін» деген тіркес жиі қолданылып жатады ғой. О дүниеге аттанған сәттен қабірге түскенге дейінгі «өмір» туралы бір үзік сыр осындай...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

АМАЛЫН ТАПҚАН АСАБА

Ғаламтордан салт-жоралғы орталығының байланыс телефоны туралы ақпарат іздеп отырып, ерекше хабарландыруды көзім шалып қалды. «Көңіл шай, садақа, жылдық ас беру шараларын сәлиқалы уағыз-насихат әңгімемен жүргіземіз» – деген мәтінді оқи сала екіұдай күй кештік. Әдетте, имам-молданың мұндай пиармен айналыспайтыны белгілі. Ойланып жатпастан, көрсетілген нөмірге дереу қоңырау шалдық...

– Алло, саламатсыз... хабарландыру бойынша хабарласып тұр едік...

– Сізге қай күнге керек?

– Әуелі сұрағым бар еді. Білгім келгені сіз имамсыз ба, әлде асабасыз ба? Түсінбей тұрмын...

– Қарындас, қандай ас беріледі? Және қай күнге белгіленіп отыр?

– Туысымыздың өтініші бойынша хабарласып отыр едім, жылдық ас беру. Айдың аяғына жоспарланған.

– Шамамен неше адам болады?

– Білмедім, мүмкін жетпіс адам шығар.

– Онда 15 мың теңге болады.

– Жақсы, бірақ айтпадыңыз ғой. Имамсыз ба, асабасыз ба?

– Асабамын.

– Онда қандай уағыз айтасыз?

– ...

– Діни біліміңіз бар ма?

– Бар... Жақсы, сау болыңыз...

Осындай рәуішті өрбіген әңгімеміз қысқа аяқталды. «Бақсам, бақа екен» демекші, өзін асаба, өзін «имам» ретінде дәріптеп жүргендер де өзіміздің қаракөз қазағымыз екен...

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ЗАМАННЫҢ ДИДАРЫ ӨЗГЕРДІ

Мұндай салт-жоралғы орталық қызметіне таңданыспен қарауға болмайды. Себебі қазір заман өзгерді, жағдай да басқаша. Әрине, марқұмды әулеттің өзі, туыстарының құрмет көрсетіп жерлегені жақсы. Бірақ, ондай орталықтың қызметіне жүгінгендерді сөгуге болмайды. Себебі бұл өркімнің өз таңдауы. Әрі орталық та сапалы қызмет көрсетеді деп сенемін.

Бір ескеретін нәрсе – қазір қала балаларының дені күрек ұстай алмайды. Күректі қолына берсең, оны теріс ұстайды. Осындай, жағдайды да ескеру керек-ау. Қалай десек те, ауыл мен қала баласының арасы алшақтап бара жатыр...

Қатимолла РИЗУАНОВ,
Ақмола облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

УАҒЫЗДЫ ИМАМ-МОЛДАЛАР ҒАНА АЙТАДЫ

Асылында, исламда марқұмды пөктеу, арулап жерлеу, соңғы сапарға құрметпен шығарып салу о дүниелік болған жанның туыстарына жүктеледі. Бірақ қазір арнайы орталықтардың қызметіне сұраныс пайда болып жатыр. Әсіресе, көпқабатты үйде марқұмды күтуге жағдай бола бермейді. Сондықтан, қысылтаяң жағдайда арнайы орталық қызметіне жүгінудің айыбы жоқ.

Ал қазалы шаңырақта уағыз айту – имам, молдалардың тікелей жұмысы. Онда да көпшілік жерде уағызды бас мүфтидің арнайы рұқсаты берілген имам-молда ғана айта алады.

Артық ЖҰМАБЕКҰЛЫ,
мешіттің бас имамы

Түйткіл

ҚАРАУСЫЗ ҚАЙЫН АТА

немесе АҚПАРАТҚА АБАЙ БОЛАЙЫҚ!

(Басы 1-бетте)

– Орталыққа қыс айларында адам көп түседі. Боранбаев сияқты бүгін түскендер ғана емес, мұнда бірнеше жылдан бері тұрақты тұрып келе жатқандар да бар. 6-7 жылдан бері құжатын қайтадан қалпына келтіре алмай, Ресейге қайта алмай жүрген, 70 жастан асқан қария тұрады. Ақыл-есін жоғалтқан кейуана бар. Оның, тіпті кім екенін, қайда туып, қайда өскенін, немен айналысқанын да анықтай алмай отырмыз. Жуырда 18 жастағы бір қыз бала келді. Жап-жас қыздың мұндай орталыққа жүгінуі, шынымен, трагедия.

P.S.

Орталықта баспанасы жоқ, асыраушысынан айырылған 60-қа жуық адам бар. Олардың 15-і ұзақ уақыттан бері осында тұрақты тұрып келе жатыр. «Дегенмен, көңіл қуантатын дүниелер де бар», – дейді директордың орынбасары. Отбасымен қауышып, жақындарын тауып жатады екен. Жұмысқа тұрып, ішкіліктен қол үзіп, тура жолға түскен жандар да кездеседі. Екі жарты – бір бүтін болып, осында бас құрағандар да болыпты. Оларды қарттар үйіне жіберген. Қысқасы, мұнда да қайнаған өмір бар. Телефон тұтқасын қоярда орталық директорының орынбасары «Ақпарат таратқанда абай болайықшы» – деді. Ойланып қалдым!..

Жарас КЕМЕЛЖАН

Аптаның алаңы

Елімізде сәби өлімі азайғанымен, жалпы көрсеткіш әлі жоғары. Ал бала денсаулығының нашарлауына байланысты жағымсыз дерек көп. Балалар арасында түрлі ауруға және мүгедекке шалдығу дерегі артқан. Бүгінде еліміздегі мүгедек баланың саны – 81,5 мың. Соңғы 5 жылда оқушылардың ауру-сырқауға шалдығуы 22 пайызға өсіпті.

БАЛАНЫ ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Ата-ана қарауынсыз қалған балалар саны да артуда. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың көрсеткіші өзекті күйінде қалып отыр. Жыл сайын өз отбасынан және балаларды тәрбиелейтін мекемелерден 200 бала қашып кетеді. Тәрбиесі қиын балғындарды арнайы мекемеге әкелу дерегі артып отыр. Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 7 мың баланы мемлекет өз қамқорлығына алды.

Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау мәселесіне де назар аудару қажет. 2016 жылы 2 999 баладан ата-анасы бас тартқан. Ал 2017 жылдың 10 айында 1 740 балаға қарсы қылмыстық әрекет қолданылыпты. Оның ішінде 248-і жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар. Ал 311 бала қасақана өлтірілген. Осы деректердің артында тағдыры тәлкекке ұшыраған жастарымыздың өмірі тұр.

Менің ойымша, балаларға арналған мемлекеттік бағдарлама дайындайтын уақыт келді. Адам құқығы жөндегі декларацияға сәйкес, балалар ерекше қорғауға алынуға және оларға тиісті көмек көрсетілуге тиіс. Қазақстан Конституциясы отбасы, ана мен балаға мемлекеттік қолдау көрсетуге кепілдік береді. Балаларға тиісті жағдай жасау, білім беру, оларды оқыту – ұлттық дамудың негізі болып саналады.

Заңипа БАЛИЕВА,
Мәжіліс депутаты
(депутаттық сауалынан)

Құрық

Алматы облысында есірткі сатумен айналысқан 6 полиция қызметкері ұсталды. Облыстық прокуратураның баспасөз қызметі хабарлағандай, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облыстық департаменті және облыстық прокуратура қызметкерлерінің бірлескен тексеруі кезінде Қапшағай қаласының тәртіп сақшылары есірткі сатумен айналысқан азаматтарды қорғап, олардың алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасап отырған.

СЕНГЕН САҚШЫМ СЕН БОЛСАҢ...

Жедел тексеру нәтижесінде, Қапшағай қалалық ішкі істер басқармасының 4 қызметкері ұсталды. Оларға Қылмыстық кодекстің 297, 361-баптары бойынша айып тағылып отыр. Сондай-ақ есірткі саудасымен айналысты деген күдікпен тағы екі азамат құрықталды. Олардың үстінен Қылмыстық кодекстің 297-бабы бойынша іс қозғалған. Басқа да мәлімет тергеу құпиялығына байланысты жарияланбай отыр.

Салтанат ШЫРЫНХАН

4 ЖҚ NARYQ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

МОДЕРНИЗАЦИЯ: ҮМІТ пен КҮДІК

Жанармай

Бұл талап мұнай өңдеумен айналысатын шағын зауыттарға да қатысты. Әйтсе де, отандық жанармай нарығындағы олардың үлесі қомақты емес. Ресми тіркелген 30-дан аса шағын мұнай өңдеу зауыттарының (МӨЗ) құжатына сәйкес, жылына 6,5 млн тонна мұнай өңдеуге шамасы жетуі тиіс. Шын мәнінде 500 мың тонна көлемінде ғана «қара май» өндей алады. Басты себеп – шағын МӨЗ-дердегі технологиялық құрылғылардың ашық түсті мұнай өнімдерін көп көлемде өндіруге шамасы жетпейді. Сондықтан әлгі талап негізінен сырттан әкелінетін бензин мен елдегі үш ірі МӨЗ-дің өніміне қатысты. Импорттың жайы белгілі. Жоғары октанды, ең өтімді 92 маркалы бензиннің 30 пайызы терістік көршіміздің жеткізіледі. Дизель отыны жағынан да шекаралас мемлекеттерге аз-кем тәуелдіміз. Энергетика министрлігі жылына екі-үш рет қайталанатын жанармай дағдарысынан құтылу үшін отандық үш алыптың модернизациясын жыл соңына дейін тәмамдауды міндет еткені мәлім.

Сәуір айындағы Шымкенттегі кәсіпорынға барғанда энергетика министрі Қанат Бозымбаев «Модернизация мерзімі енді ұзартылмайды. Бізге басқа жол да, таңдау да жоқ» деген еді. Сөзінде тұрды.

Келесі жылдың 1 қаңтарынан жанармай мен дизель отынының К4 және К5 (Еуро–4, Еуро–5) экологиялық стандартына ауысамыз. Бұл Кеден одағы «Автомобиль және авиация бензині, дизель және кеме отыны, реактивтік қозғалтқыштар мен мазутқа қойылатын талабының» техникалық регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Осыны есепке алған еліміздің энергетика министрлігі мұнай өнімдері импортымен айналысатын компанияларға әлгі стандартқа сай өнімдерді импорттауға кеңес берді.

Павлодар мұнай өңдеу зауыты

ПАВЛОДАР МҰНАЙ-ХИМИЯ ЗАУЫТЫ

11 қарашада Павлодар мұнай-химия зауытынан К4 экологиялық класты АИ-92 маркасының алғашқы 163 тоннасы Алматыға жөнелтілді. Әрине, көптен күткен оқиға екені айтпаса да түсінікті. 2009 жылы басталған жаңғырту жұмыстары 2017 жылы бір-ақ аяқталды.

Зауыттағы қондырғыларды толық жаңғыртудың нәтижесінде жоғары октанды бензин өндірісі 1 млн 492 мың тоннаға көбейеді. Бұрынғы көлем – 1 млн 081 мың тонна. Сонымен бірге халықаралық стандартқа сай Jet A1 авиаотын өндірісі жолға қойылды. Каталитикалық крекинг қондырғысының іске қосылуы келесі жылы 5,1 млн тонна мұнайдан 3,2 млн тонна жоғары октанды бензин өндіруге мүмкіндік береді.

Қ. Бозымбаев биыл үш зауыттың жаңғыртылуын өзі қадағаламағанда, әлі де жұмыс бітпейтін бе еді, кім білсін. Олай дейтініміз, көктемде Павлодар зауытына барған сапарында «ПМХЗ» ЖШС бас директоры Шұхрат Данбайды жаңғыртуды белгіленген мерзімде, яғни 1 қарашаға дейін аяқтау бітіру қажеттігін ескерткені мәлім. Негізі мұндағы модернизация 2016 жылы аяқталуы тиіс еді. Одан кейін «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен зауыт басшылығының өтінішімен биылғы жылдың шілдесі деп белгіленді.

Зауытта 12 технологиялық қондырғы және 18 жалпы шаруашылық нысаны салынып және қайта құрылды. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ аға вице-президенті Данияр Тиесовтың айтуынша, әсіресе, ауыр құрылғыларды әкелу қиынға соққан. Теңіз жолынан шалғайда болғандықтан, 500 тонналық екі реактор Ресейдің солтүстік айлақтары, Енисей, Лена және Ертіс өзендерімен жеткізілген.

Сөйтіп зауыттың жаңғыртылған жобалық қуаты бұрынғы 5 млн тоннадан 6,5 млн тоннаға ұлғайды. Жылына 200 мың тоннаға жуық авиакеросин шығару жоспарланды. Ең бастысы, өндірілетін өнімі К4 және К5 стандартына сай болмақ. Өңдеу терендігі 85 пайыздан 90 пайызға жетті.

ШЫМКЕНТ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Шымкент мұнай өңдеу зауыты К-4 және К-5 экологиялық класына сәйкес келетін дизель отынын шығаруды бастады .

«ПҚОП» ЖШС баспасөз қызметі хабарлағандай, Шымкент мұнай өңдеу зауыты *(«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС)* К-4 және К-5 дизель отынының тәжірибелік-өнеркәсіптік партиясын шығарып, өнімдерге төлқұжаттар ресімделді. Мемлекеттік органдарда өнімнің Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкестігі туралы декларация алынды.

Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап зауыт К4 және К5 экологиялық класына сәйкес келетін жоғары октанды бензин өндіре бастады. «Шымкент мұнай өңдеу зауыты Қазақстан нарығын жоғары сапалы мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету бойынша өзіне алған міндеттерін толық орындап келеді. Қазіргі уақытта зауыттың қуатын жылына 6 млн тоннаға дейін арттыруға және өңдеу терендігін жоғарылатуға бағытталған жобаның 2-кезеңі нысандарының құрылысы аяқталып келеді. Жобаны 2018 жылғы қыркүйек айында аяқтау жоспарланған» делінген баспасөз хабарламасында.

Айта кету керек, 1985 жылы салынған және еліміздегі мұнай өңдеу зауыттарының ішіндегі ең жасы болып табылады. Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы Үдемелі индустриалдық-инновациялық бағдарламасы аясында 2014 жылы басталды. Ол 2 кезеңнен тұрады. Зауыттағы жаңғырту жұмыстарын келесі жылы толық тәмамдау көзделген.

Шымкент мұнай өңдеу зауыты

АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

Еліміздегі ең көне - Атырау мұнай өңдеу зауыты да Тәуелсіздік күні қарсаңында модернизацияның үшінші кезеңі аяқталғанын хабарлады. Зауытта мұнайды терең өңдеу кешені іске қосылды.

Аталған кәсіпорынның бас директоры Ғалымжан Амантұрлиннің айтуынша, мұнайды терең өңдеу кешені іске қосылғаннан кейін зауыт қуаты жылына 5 млн тоннадан 5,5 млн тоннаға дейін артады. Ол «Автокөлікке арналған бензин өндірісі жылына 1,7 млн тоннаға, дизель отыны 1,4 млн тоннаға, сондай-ақ авиаотын өндіру 244 мың тоннаға ұлғаяды. Атырау зауыты мотор отындарының К4 және К5 экологиялық класын өндіруге қол жеткізіп, мұнай өңдеу тереңдігін 84 пайызға дейін көтерді» дейді.

Зауытта маусым айында бас энергоагрегат – қуаты 20 МВт асатын каталитикалық крекингті іске қосып байқаған. Бұл еліміздегі қуат сыйымдылығы мол, өлшемі жағынан бірегей агрегат саналады. Модернизация шеңберінде 12 технологиялық қондырғы және 40-тан астам шаруашылық нысаны тұрғызылды. Құрылыс барысында ірі көлемді 100 құрал-жабдық жөндеуден өтті. Құрылыс-монтаж жұмыстарына 4000 адам тартылды.

ЖАҢА ЗАУЫТТЫҢ АУЫЛЫ АЛЫС

Сөйтіп елдегі үш алыптың екеуі жаңғыртылды, үшіншісі келесі жылы толық іске қосылады. Еске түсіре кетейік, 2009 жылы үш зауытты жаңғырту бағдарламасы әзірленгенде, бас-аяғы 3,1 млрд доллар жұмсалады делінген. Сол кезде жаңа зауыт салу немесе үш МӨЗ-ді жаңғырту керек деген мәселе қойылды. Бірақ мұнай және газ министрлігі жаңа зауыт салу үшін 6 млрд доллар керек екенін, одан гөрі үш зауытты жаңғыртудың арзанға түсетінін мәлімдеген еді. Әйтсе де, бастапқы сома келе-келе 6 млрд долларға жетті. Ендігі кезде сарапшылардың да, былайғы жұрттың да көңілінде күмән бар: бәрі көңілдегідей бола ма, қаншаға жарайды? Себебі бұған дейін де еліміздегі ең көне Атырау МӨЗ-і екі рет жаңғыртудан өткізілді. Сондай-ақ баға мәселесі де алаңдатпай қоймайды. Нарықтағы сұраныстың 30 пайызы Ресейден әкелінетін бензин есебінен өтелетінін айттық. Бірақ олардың өнімі біздікінен қымбат. Шекара ашық болғандықтан, көрші елдердегі бағаға қарайлауға мәжбүрміз. 2025 жылға қарай бірыңғай қуат нарығы құрылғанда біздің баға көршінің бағасымен теңелуі тиіс.

Осының бәрін есепке алғанда, жұрттың көкейінде бір дүдамалдың қалғаны рас. Расында да, ескіні жамап-жасқағанша, жоғары сапалы бензин шығаратын жаңа МӨЗ салуға да болар еді. Бірақ бұрынғы министрлерден қалған ұстанымнан Қанат Бозымбаев та бас тартпады.

Атырау мұнай өңдеу зауыты

ЖАНАРМАЙ ДАҒДАРЫСЫ ҚАЙТАЛАНА МА?

Күз-көктем айларында елімізде жанармай дағдарысы үнемі қайталанады. Бұл өзгермейтін, қалыпты құбылысқа айналып барады. Бірақ биылғысы бәрінен де асып түсті. Соның кесірінен лауазымды шенеуніктер орынтағынан айырылды. Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов жұмысынан кетті. «ҚазМұнайГаз» АҚ вице-президенті Данияр Берлібаев орнынан алынды. Павлодар МХӨЗ бас директоры Шұхрат Данбай көп жылдан бергі жылы орнымен қош айтысты. Министр Қанат Бозымбаевтың өзі Президенттен сөгіс алды.

Дағдарыстың қолдан жасалмағанына сенім жоқ. Бұл зауыттарды жаңғырту мерзімін созбаққа салмай, аяғына жеткізуге тырысқан энергетика министрін аяқтан шалу әрекеті болуы да ғажап емес. Себебі «Модернизацияның нәтижесінде қазіргімен салыстырғанда, жоғары октанды бензин өндіру жылына 1,2 млн тоннаға, дизель отыны 700 мың тоннаға ұлғаяды. Авиаотын өндірісінің көлемі 150 мың тоннаға артады. Демек, авиаотынға зәруліктің 50 пайыздан астамын өтейді. Әлбетте, бұл бағаға да әсер етеді. Үш зауытты жаңғыртқаннан кейін баға қалыптастыруға ықпал ететін тетігіміз күшейеді. Қазір жоғары октанды бензиннің 30 пайызын, дизель отынының 10 пайызын сырттан әкелеміз. Егер үш МӨЗ-дің модернизациясы дер кезінде аяқталса, 2018 жылы еліміз жанармай тәуелділігінен арылады» деген министрдің сөзі терістік көршіміздің жанармайынан қол үзгісі келмейтін лоббишілерге жақпайтыны анық.

Әлбетте, энергетика министрлігі бұл жағдайға қатысты өз жауабын берді. Біріншіден, Ресейдің АИ-92 маркасының импорты азайды. Басты себеп – ондағы бағаның қымбаттауы. Екіншіден, Павлодар мұнай-химия зауытының модернизациясы уақытында бітпей қалды. Соның кесірінен жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстары қыркүйек айының соңына ауыстырылды. Атырау МӨЗ-і мен Павлодар МХӨЗ өз жұмысын бір мезгілде тоқтатты.

Үшіншіден, нарықтағы ойыншылар жағдайдың тұрақтанғанын күтті. Әрі бензинді жоғары бағамен сатудан қорқыпты-мыс. Өйткені Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау комитеті тарапынан салынатын айыппұлға ұрынғысы келмеген. Осының бәрі жанармай тапшылығына қоса, бағаның көтерілуіне әкеп соқты. Айта кету керек, 2015 жылдың тамызынан АИ-92 маркасына және 2016 жылдың шілдесінен дизель отыны бағасын мемлекет тарапынан реттеу алып тасталды. Содан бері баға нарықтағы жағдайға қарай құбылады.

Энергетика министрлігі уәде еткендей-ақ, желтоқсанға қарай жанармай нарығындағы ахуал қалпына келді. Қазір тапшылық жоқ. Атырау және Павлодар зауыттары жаңғырту жұмыстарын аяқтады. Келесі жылы Шымкент МӨЗ-і де модернизация «мәресіне» жетуі тиіс. Одан кейін жанармай дағдарысы орын ала ма, жоқ па, оны ит жылы көреміз.

Гүлнар АХМЕТОВА

COMMENT ЖҚ 5
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тұлға

Қытай төрағасы Ши Жин пиң Қазақстанды неге ең сенімді серік, құрметті көрші санайды? Ал қазақтарды неге ыстық ықыласпен жылы қабылдайды?

ҚАЗАҚ АУЫЛЫНАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

ҮҢҒІРДЕ ШЫҢДАЛҒАН ҰЛ

Ши Жин пиң 1953 жылы маусымның 1-күні Шән ши өлкесінің Фу пин өңірінде туған. 2013 жылдың 14 наурызынан бері Қытайдың мемлекет басшысы. Қытайдың мемлекеттік және саяси қайраткері, Қытай коммунистік партиясы орталық комитетінің бас хатшысы.

Ши Жин пиңның ата-тегі Қытайдың «хан» деп аталған көне ұлысынан тарайды екен. Болашақ төрағаның әкесі Ши Жун шүн 1960-жылдарға дейін аспан асты елінің билеушісі Мау Зыдұңның өзі жетекшілік еткен топ қатарында болған. Әкесінің партиядағы тұғырлы қызметте болуы арқасында, Ши Жин пиңның балалық шағы бақытты өтеді. Тек 1962 жылы жағдай күрт өзгерген. Оның әкесін Хы нән өлкесіне жер аударады. Ал баланы, әкесінен кереғар ақыл-ой жұқтырмасын деген мақсатпен, басқа өңірге – Яньчуаньге жөнелтеді.

Айдауда өткен жылдар Ши Жун шүннің тағдырындағы ең ауыр жылдарға айналады. Бала аштықты да бастан кешіреді. Үңгірде өмір сүріп, тамағын тауып жеу үшін тынымсыз жұмыс істеуге тура келеді. Осындай ауыр азап, қиыншылық 7 жылға созылып, болашақ саясаткердің мінезін бекітіп, жігерін жани түседі. Сондай-ақ коммунистік идея бекемдігін одан әрі қалыптастырады. Қарапайым халықтың тағдырын солардай сезінеді. Өйткені олар Ши Жин пиңның өзі сияқты, асқан қиыншылық пен күн көріп жатқан еді.

1975 жылы Ши Жин пиң аспан асты елінде аса беделді саналған Шинхуа университетіне оқуға түседі. Жас жігіт химия-технология бөлімшесін таңдағанымен, мамандығы бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік болмайды. 1974 жылдан бастап компартия қатарына өтеді.

Енді Қытай төрағасының бастапқы 20 жылға жуық еңбек жолына қысқаша тоқталар болсақ, болашақ саясаткер 1983 жылы Хуби өлкесінің Жиндиң уезінің хатшы орынбасары, 2000 жылы Фужиаң өлкесінің губернаторы және 2002 жылы Жингиаң өлкесінің басшысы болып жұмыс атқарған. Осы жылы Ши Жин пиң Коммунистік партия орталық комитетінің мүшесі құрамына енгізіледі. Міне, сол жылдары-ақ сыйлы саясаткер өзін жемқорлықпен ымырасыз күрескер ретінде танытып, халықтың сенімі мен құрметіне бөлене бастайды.



Сөйтіп, Қытай коммунистік партиясы орталық комитетінің 18-ші жиналысындағы алғашқы пленумында ол партияның Бас хатшысы болып сайланды.

Болашақ төрағаның басшылығымен Қытай коммунистік партиясы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын жақсарту барысында елеулі жетістікке жетті.

ӘКЕ ҚАСИЕТІ ДАРЫҒАН АЗАМАТ

Қытай төрағасы Ши Жин пиңның Қазақстанға және қазақ халқына деген айрықша қарым-қатынасына әкесінің Гәнсу өлкесі, Ақсай-Қазақ автономды ауданы басшысының орынбасары болған Сағидолла есімді қазақпен достығы ықпал етуі мүмкін. Гәнсу өлкесі жергілікті музейдегі қазақ отбасы мен Ши Жун шүннің суреті бар.

Ши Жун шүн Қытай компартиясы орталық комитеті солтүстік-батыс бюросының хатшысы болып тұрған 1950 жылдары Ақсай-Қазақ автономды уезін Гәнсудың Дұнхуаң уезінен бөлек шығару жұмысына басшылық жасап, оның одан ары дамуын бақылауда ұстаған. Сол кездегі Ақсай-Қазақ автономды уезі бастығының орынбасары Сағидолла Гәнсу өлкесінің әкімшілік орталығы Ләнжоу қаласына үш рет барып, Ши Жун шүнмен кездескен. 1958 жылдың 29 қыркүйегінде ол көрші өңірлерді аралап жүріп, тосыннан Ақсайға келген және Ақсай-Қазақ автономды уезін дамыту мәселесіне арналған жиын өткізген. Түскі астан кейін қоштасар кезде Сағидолланың отбасымен суретке түседі. 2013 жылдың 13 қазанында Ши Жун шүннің жұбайы Ши Шиеннің шақыруымен Сағидолланың ұлы 58 жастағы Бақыт Қытай төрағасы әкесінің 100 жылдық мерейтойына арналған шараға қатысып, оның анасының үйінде қонақта болды және қазақтың ұлттық киімін сыйға тартты. Ендеше, Ши Жин пиңның қазақ халқына деген құрметі әке қанымен берілген деуге әбден негіз бар...

Сол өңірде тұрған қауым әлі күнге дейін төрағаның әкесі Ши Жун шүнді асқан жылы естеліктермен еске алады. Қайырымды жанның көзін көргендер «Ол кісі 1969 жылы Бейжіңнен Шәнши өлкесінің солтүстігіндегі Ян Чуән аудандық коммунистік үлкен отрядына зиялы жас болып барды. Ауыл-қыстақта 7 жылғы жапалы тұрмыспен шыңдалып шықты. Бұл арада ол ненің әділ, ненің шындық екені – іс жүзінен іздеу екендігін шынайы түсінді. «Бұқара» деген атаудың түпкілікті мәні жөнінде ішкерілей ой жүгіртті. Қалың қауыммен қоян-қолтық еңбек етті» – дейді.

Жас жігіт өзіне сенім артып, сомдалды. Әкесі Ши Жун шүн оған шынайы дәріптеу, басқалармен ынтымақтаса білу керек екенін бала кезінен-ақ құлағына құйып отырады екен. Ол ер жетіп, елмен араласып, елдің мәселелермен араласа бастағаннан кейін, бұл жөніндегі түсінігі, тіпті тереңдей түсті.

ҚЫСТАҚТАН БАСТАЛҒАН ҚЫСПАҚ ЖОЛ

Қытай басшысы халық өзара береке-бірлікте болғанда ғана жұмысты ойдағыдай істеуге болатынын, берекенің қаймағы бұзылып, араға іріткі түскенде, ісің кері кететінін ерте байқады. Сондықтан, Шәнши өлкесінің қиыр шетінде, жат жерде жүрген күндерде ынтымақты бойтұмар етті.

Ауылдың қарадүрсін, жапалы тұрмысында болған кездерінде, көпшілікпен еңбек істеп, тұрмысқа төселеді балғын жігіт. Соның арқасында, еңбек өткелінен сүрінбей өтті. Содан бастап жас саясаткердің жатақханасына қыдырып, қонақ болып келетіндер көбейді. Ауыл бастығы «Сол кездерде бұл кісінің жатақханасы ауылдың орталығына айналған еді. Әр күні кеште келетіндердің аяғы үзілмейтін. Олар өткен-кеткенді сыр шертісіп, қызықты әңгіме айтып, кездесудің көркін қыздыратын. Кейін келе, сол ауылдың басшысы да ол кісіден ақыл-кеңес сұрайтын болды. Жастардың көз аясы кең, білетіні бізден көп», – дейді.

Қазір қарасаң, 15 жасында осы сары топырақты ауылға келіп, 22 жасында, яғни осы ауылдан кеткенше, егінші-диқан халықтың көз алдында жүріп, олардың ой-мүддесінен шыққан. Алға басқан әр қадамның бәрінде халық үшін істеген мол үлес жатыр. Қытайда жұмыс істеудің тәртібін төменгі сатыдан бастауды көп дәріптейді. Өйткені, жоғары лауазымды жұмыс істеу үшін халықтың тұрмысын білу қажет. Жас кадрдың бастан кешкенінің барлығы берік таным мен сенім, айқын халықтық майдан, өскелең тарихи борыш, шынайы нақты стиль, батылдық пен жаңалық жарату рухы. Сондай-ақ ғылыми әдіс сынды асыл, парасатты мінезбен шыңдалып, өмір жолына сенімді, мақсатты ізденісін ерте бастап айқындап алған азамат.

ТАРИХИ ДОСТАСТЫҚ

Қазақстан мен Қытай арасындағы терең достық қарым-қатынас, екі елдің жұмыс байланысы өте тығыз әрі іскерлікке негізделген. Қытай төрағасы мен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қазірге дейін 15-ке жуық кездесу өткізген екен. Бұл халықаралық қарым-қатынаста өте аз кездесетін жағдай. Ши Жин пиңның қазақ еліне деген құрметі өткізілген әртүрлі кездесуде айқын аңғарылады.

Қытай – Қазақстан халықтарының ұзақ тарихи достық қатынасы бар. Әлемге әйгілі «Жібек жолы» екі ел халқының қоян-қолтық қатынасын әлі күнге дейін жалғап келеді. Экономиканы дамыту – Қытайдың қазіргі алға қойып отырған басты міндеті. Бұл міндетті орындау үшін бейбіт тұрақты халықаралық орта қажет. Сол үшін Қазақстанмен бейбіт, тепе-тең саясат ұстану, нақты ұстаным негізінде қарым-қатынасты дамыту – Қытай сыртқы саясатының басты бір ерекшелігі. Қытай Қазақстанмен қатынасын дамытуға ерекше назар аударып, осыны сыртқы қатынастағы ең басты орынның біріне қойып отыр. Қазақстан мен достық қатынасты жақсарту Қытайдың батыс, солтүстік аймақтарындағы тыныштық пен осы аймақтың экономикасын дамытуға септігін тигізетіні белгілі.

Биыл 14-15 мамыр аралығында Бейжінде өткен «Бір белдік – бір жол» халықаралық ынтымақтастық саммитінің ашылу рәсімінде, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Қытай төрағасы Ши Жин пиң ерекше мәртебемен қарсы алды.

Бүгінде екі елдің қарым-қатынасы жаңа тарихи сатыға көтерілген. Жинақталған бағалы тәжірибе мен өткен 20 жыл ішіндегі ынтымақтастық байланыс бізге одан әрі де ілгері жылжуға жаңа серпін береді. Біз, екі елдің азаматтары да, өзара сенімнің, өзара тиімділік пен бірлесіп дамудың жоғары рухын басшылыққа ала отырып, ынтымақтастықты барлық деңгейде және барлық бағытта біздің стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамыту тұрғысынан нығайта түсуіне септігімізді тигізсек – нұр үстіне нұр болар еді.

Серік КЕНЕНБАЙ,
журналист
Бейжің – Астана

ШАРТАРАП

Түрікменстанда тапшы, Өзбекстанда қымбат

Таяуда Түрікменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов елде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде комиссия құрған болатын. Өйткені, аз уақыт бұрын Түрікменстанда ұн тапшылығы байқалған-ды.

Бір апта ішінде қала базарында жұмыртқа бағасы бірнеше есе өскен. Желтоқсанның басында Ашхабадта бір жұмыртқа біздің ақшамен 40 теңгеге сатылса, қазір бір данасы – 60-65 теңге.

Ал көрші Өзбекстанда соңғы бір айдың ішінде ұн, май, қант және басқа да азық-түлік бағасы 20-дан 70 пайызға дейін қымбаттаған. Әндіжанда соңғы аптаның ішінде ет бағасы 34 мыңнан 36 мың сомға, күнбағыс майы екі мың сомға өсті. Қазақстаннан әкелінетін ұн 105 мың сомнан 150 мың сомға өсіп кеткен.

Смартфон қаупі

Үндістан билігі әскерилерге Қытайдың Xiaomi маркалы смартфонын қолдануға тыйым салды. Жергілікті билік Қытай тарапынан гаджеттер арқылы болатын тыңшылық әрекеттен қауіптеніп отыр.

Мамандар смартфон арқылы қытайлық барлау өкілдері дерек жинап, тыңшылық әрекетін жүзеге асырып отыр деген пікірде. Смартфондардан бөлек, Xiaomi-дың планшеті мен ноутбугын да қолдануға болмайды.

Ал Қытай Skype қосымшасын өшіріп тастады. Apple компаниясы өкілдерінің айтуынша, Қытай жергілікті заңға қайшы келетін кейбір қосымшаларға тыйым салған.

Ақаевты қандастары қарсы алмады

Қырғызстанның тұңғыш президенті Асқар Ақаевтың Германиядағы отандастарымен кездесуінде бір топ адам оның кетуін талап еткен. Бұл туралы Sputnik хабарлайды.

Қатысушылардың арасында бұрынғы президенттің қарсыластары да бар болып шықты, олар «Ақаев кет» деп жазылған плакат ұстап келген. Кездесу әлеуметтік желіде тікелей эфирде таратылды. Кадрда кей адамның Ақаевтың сөзін бөліп, қырғызша сөйлеуін талап еткені анық көрінеді.

Қырғыздың экс-президенті «Олай пәрмен берменіз. Сіз Қырғызстанда емес, демократиялық Германияда жүрсіз. Қай тілде сөйлегім келсе, сол тілде сөйлеймін», — деп жауап берген.

ФОТОШОҚ

Тас жастанған тағдыр

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Көкейкесті

«АТЫҢ ӨШКІР» АЛАПЕС ДЕРТІНІҢ АЗАБЫ

Заманауи медицина келмей тұрып, қазақ даласында «емі жоқ ауру» көп болған. Отасыз опа бермейтін соқырішек секілді түйіншек ауруды соның қатарына жатқызған. Табиғи ем немесе дем салудан жағдай оңалмаған соң, жұрт біраз ауруға осындай атау беріпті. Бірақ ғылым дамып, медицина жетілсе де, әлем болып әлі күнге емін таппай келе жатқан сырқаттың бірі, қазақша айтқанда: «емі жоқ ауру» – лепра. Оны өз тілімізде «алапес» деп те, «мақау» деп те айтамыз. Мақаланың өзегі осы дерт.

Бұл аурудың ерекше сипаты – пышақпен кессе де, инемен тессе де науқас ауруды сезбейді. Себебі жүйке талшықтары өліп, қан дұрыс жүрмейді. Соның кесірінен денедегі бактерия ағзаны шіріте бастайды. Тағы бір қасиеті – мұнымен тек адамдар ғана ауырады. Құстар мен жан-жануарда бұл дерт болмайды, не жұқпайды.

Әңгімеміздің кейіпкері Қызылорда облысының Талдыарал дейтін ауылында тұрады. «КТК» телеарнасының тапсырмасымен дерттің ошағы Талдыаралға біз де табан тіредік.

Кеңес одағы кезінде мұндай аурумен ауыратын кісіні елден жырақ, бөлек ғимаратқа қамап, есігіне қарулы күзет қойып қарайтын. Өйткені, бет-аузы қисайып, қол-аяғы шіри бастаған адамды басқаларға көрсетпеу керек. Жұқпалы деген аты тағы бар. Онсыз да тағдыр тәлкегіне ұшыраған жандар балықты жеп, кесел содан пайда болды» деседі.

Жалпы, алапес қай заманнан бері әлем халқын аландатып келе жатқан қорқынышты дерт. Бірақ қауіпті сырқат қазақ даласында бұрын болмағаны айдан анық. XVIII ғасырда орыс зерттеушілерінің бұл жайында жазып қалдырған дерегі бар. Мекеменің бас дәрігері Молдағали Сейталиев «Бәле бір келсе, XIX ғасырда Жайық пен Аралда балық аулаған жатжұрттықтардан келуі мүмкін», – дейді. Өйткені, казактар сол кезеңде лепрамен ауырған. Ақ патшаның кезінде олар Арал теңізінен балық аулау үшін жіберіліпті.

Қазақ республикалық лепрозорийінің директоры Молдағали Сейталиев «Бұл – микобактерия санатына жататын құрт. Ол ылғалды, иммунитеттің төмендігін жақсы көреді. Ал адамдардың иммунитетінің төмендігіне алып келген себебі, барлығы бір жерде жатқан. Оның үстіне, таңертең де, түсте де, кешке де балық, яғни біртекті тамақтану. Барлығы келіп тұр. Ауруға барлық жағдай жасалып жатыр. Сондықтан, жергілікті жұртқа ауру осылай тарады деген менің тұжырымым бар», – дейді.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне қарағанда, бүгінде әлемде алапеспен ауыратын адамдар саны 20-22 миллион шамасында. Олардың ішінде Үндістан мен Бразилия және Индонезия ұсақ аралдарымен қоса алғанда, осы елдер көш бастап тұр. Картадағы қанық көк түс соны білдіреді. Одан кейін ауру Қытай, АҚШ, Латын Америкасы мен Африканың біраз мемлекетіне дендеген. Ресейде ауыздықталыпты. Ал біздің ел сары түсті. Яғни жаңа науқас жоқ дегенді білдіреді. Әйтсе де, Қазақстанда екі жылда бір адам осы дертпен ауырады екен. Оның дәлелі, қазіргі емделушілер арасында жасы отыздан асып, қырыққа таяған жігіт ағасы да бар.

Бұл аурудан түбегейлі жазылып шығатын ем жоқ. Дегенмен, әзірге белгілі емнің ең тиімді түрін 1954 жылы ағылшын ғалымдары тапқан. Оған сульфонды препараттар қолданылады. Сол уақыттан бүгінге дейін әлемде және Қазақстанда сульфонды препараттардың көмегімен осы аурудың таралуы күрт төмендеген. Препарат толық емдей алмағанымен, тәндегі бактерияның одан әрі таралуына жол бермейді.

Лепрозорийдің алғаш ашылуымен бірге елімізде осындай емі жоқ науқастардың саны анықтала бастады. 1950-жылдары, тіпті 1700-ден асып жығылған. Тек дәрі пайда болғаннан кейін жыл өткен сайын азайып отырыпты. Бүгінде Қазақстан бойынша 401 адам есепте тұр. Соның 75-і Қызылорданың іргесіндегі осы ауруханада емделеді. 75-тің 35-і аурухана ішіне ұзақ уақыттан бері тұрақтап қалған. Елімізде қауіпті кеселдің алдын алу үшін ең басты мәселе – миграция болып отыр. Өйткені, жоғарыда айтқан ауру көп тараған елдермен саяси-экономикалық байланысымыз бар. Екіншісі, дәрігерлердің лепра ауруы туралы білімінің тайыздығы. Үшіншіден, елді жайлаған үрей – лепрофобиядан арылу керек, – дейді мамандар.

Адамның тәнінен бұрын жанын жегідей жейтін дерт туралы жазушылар да қалам тербеген. Айталық, Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Айқай» повесі дәл осы алапеске шалдыққан түрік баласының тағдырын суреттейді. Гректермен болған үлкен соғыста мерейі үстем болған әкесі жалғыз ұлының ауыр дертінің алдында шарасыз қалады. Амалсыз мойынсұнып, баласын айдалаға, ауруға душар болғандардың ортасына апарып тастайды. Хикаяттың мазмұнына сүйенсек, әлгі бала қасындағы науқастармен бірге түріктің ұлттық биін дүниеге әкелген деп жазады.

Жазушы Ілияс Есенберлин де алапеске душар болған қос ғашықтың ғұмырын бір романға арқау еткен. Есенберлиннің «Ғашықтар» романының бір бөлімінде «Асығат Қаракөзбен бірге Барсакелмеске кетпек болды. **«Ол шіріп өлсе, мен де шіріп өлем, ең соңғы тынысым біткенше жанында боламын… жалғызсыратпай, қасында жүріп, азабына ортақ болып, қасіретін жеңілдетем»,** – деп көнбей қойды» – деген сөйлем кездеседі.

Лепрозорийдегі ақ халаттылар тек дәрігер ғана емес. 70 пен 80-ді алқымдаған қариялар мен кейуаналардың қызы да, келіні де, сырласы да болады. Өйткені, өз-өзін өмір бойы осы мекеменің ішіне еріксіз қамап отырған адам елдің көзіне түскісі келмейді. Жұрттың шырқын бұзғысы келмейді. Біздің берекелі өмірімізді сырттай ғана бақылап, біздің тыныштығымызды ойлайды.

Қиыр қонып, елден шет кетіп, сүркейлі, суық мекемеде емделіп жатқан Жақсылық ата «Оңаша шақырғанда барасың, айтасың: «көпшілікке келмеймін!» деп. Соның бәріне көнуге тура келді, айналайын! Өзіне өзің қол жұмсау, Алла тағала оны кешірмейді – дейді. Соны біле отырып, қалай шыдамайсың сен ал?! Ойлайсың өзіңше, демек, мені Алла тағала мысал етіп қойды! Көрін, сөйле, айт, өзгелер ғибрат алсын дегендей. Енді соған неге мен көнбеуге тиістімін?! – дейді.

Орта ғасырларда Еуропада алапеске шалдыққандарды елден оңашалап, мойынына қоңырау таққан. Оларды, тіпті жын қаққан адамдардың қатарына жатқызып, жақындай қалса, қоңырау сыңғырын естіген қай-қайсысы да тұра қашатын болған. Бірақ «Мынау қисық құбыжық кімге керек?» - деген қыңыр пікірден қоғамды арылту үшін бүгінде сол қоңырауды халықтың өзіне естіртіп, қайта соғуға тура келген сияқты.

P.S. Алапес сияқты тажалмен бетпе-бет келіп, бойын аулақ салғысы келгенде, қазақтың «аты өшкір» деп айтатын әдеті бар. Бұл дерттің де аты өшетін күн алыс емес шығар деген үмітіміз бар. Өйткені, медицина күн сайын дамып, жаңарып жатыр. Алла өзі берген дертке шипасын да бірге береді екен. Ендеше, алапес жұқтырғандай азар-безер болмайық!

Ербол ТҰРЫМБЕТ,
Алматы – Қызылорда

Ойсалар

ҚАСҚЫРДЫ ҚОРЛАУҒА БОЛА МА?!

Жезқазғанның ұшы-қиыры жоқ сайын даласы. Кеңгір өзенінің бойы. Қырбық қар түскен. Онда да тұтас емес, теңбіл-теңбіл, ала жылқының алқымы тәрізді. Өзеннің жарлауыт қабағынан қашып барып жайғасқандай анадайда үйір-үйір болып өскен қарағанның етегі жартылай жалаңаш. Қуаты бір емес, әлденеше үйір-үйір жылқыға тең аэрошана жақтан атылған жалғыз жебедей ысқыра зулайды екен. Екпіні үй жыққандай. Әншейінде, сағатына 50-60 шақырым жылдамдықты еркін алады, ет пісірім уақыт шаршап-шалдықпайды дейтін арланның адымын аштырар емес. Аэрошананың үстіндегі екеудің артында отырған қабасақалдысы мүлгіген жапан даланы жаңғырта айғай салып келеді.

– Қапталдай бұрыл! Жамбасынан атамын, құйрығын қапсын.

Бұған дейін қасқырға құйрығын қапқызу туралы естіген емеспіз. Тіпті аңшылық жайы сипатталатын әдебиеттерден де оқымаппыз. Таңсық сөздің түбін індетіп мылтық ұстаған талайлардан сұрап көрдік. Бірақ ешқайсысы жарытымды жауап қата алмады. Қайдан шыққан жоралғы, жосық екендігі де белгісіз. Қасқыр да болса жаратқан иенің жәндігі. Құйрығын қапқызып қинағанша, жанды жерінен бір-ақ атып, жанын жаһаннамға бірден неге жібермейді екен. Құйрығын қаптырғанда не мәттақа табады?..

Жан бермек оңай ма, жырта қарыс тілі аузынан шығып кеткен арлан олай-бұлай бұлтақтағанамын, қандыауыздың қарауылынан құтыла алмады. Күш, мүмкіндік тең емес еді. Аттыға алдырмауы да мүмкін, жаяуға шаңын да көрсетпейді, ал аэрошананың жөні басқа екен.

Құс ататын он алтылық, жиырмалық емес, қуатты винтовка. Қойдың құмалағындай қорғасын оқ. Жалғыз болғанымен, мұндай оптикалық көздеу құралы бар, қуатты винтовка арлан түгіл арыстанды да жалпасынан түсіретіндігі даусыз еді. Қабасақалды аңшы қолмерген екен, айтқанында тұрып, әуелі жамбастан көктей атқан. Екпіндей шапқан арлан кілт қайырылып, аңшы айтқандай, арс етіп құйрығын қапты. Дәл сол сәтте екінші қорғасын оқ мойын омыртқадан қадалған. Жай ғана қадалған жоқ, алқымының жартысын жұлып түсті. Қабатынан тиген екі оқ қанша жерден қайратты болса да, жан қоя ма? Арлан омақаса құлаған.

Аэрошана мінген, аң қуудың қызығына әбден түсіп, бұл дүниедегі тіршілікті ұмытқан, айқұлақтана атойлаған, алабұрта қызынған әлгі екеуі көлігінен түсе салып, тілін жиюға да шамасы келмей, тілсіз кеткен бейшара аңның басынан тепкілей жөнелді. Тағы да тіріліп кететіндей, винтовканың дүмімен де басынан салып-салып жіберді. Енді біреуі қонышынан екі жүзді қанжарды суырып алып, сан етіне сұғып көріп жатыр. Құйрығынан ұстап алып, қарны жарылған қасқырдың қан-жынымен аппақ қардың үстін, жарым дүниені былғап ыржалаң-ыржалаң етеді.

Бұл әлеуметтік желіде жарияланған серілік салтанаты. Жалғыз көкжал емес, ондап, тіпті жүздеп ататындары бар екен. Әрине, бұл жерде қасқырға қорғаушы болып отырған жоқпыз. Елдің малын жейтіні рас. Малсақ қауым зар илейді. Әйткенмен біздің өңір біраз жылдан бері тыныш. Әне бір жылдары Бурабайдың баурайында байқалды деген. Есіл бойында да, аң-құсы жыртылып айырылатын Қорғалжын төңірегінде де қандыауыздың хабары естілген емес.

Шамасы киік өрісі өрістеген өлкеде болса керек-ті. Мына бір бейне көріністе кемінде қырық-елу қасқырды қырып салған сайыпқырандардың ерлігі баяндалады. Әлгілер бірінен соң бірі бүктетіле жауған, төрт аяғы төрт жаққа кеткен қандыауыздарды кезек-кезек көтеріп, оқшантай байланған, қабатынан екі мылтық асынған қалпында суретке түсіп жатыр. Селфи. Бәлкім, мақтаныш, бәлкім, түз тағысынан басым шыққанына деген қуаныш. Қалай болған күнде де қорлау басым.

Ілкі заманда қазақ баласы өжет, жауқұрек азаматтың апталын қасқырға теңер еді. Ал бақай есебі көп, бақастығы мол біреулерді ит дер еді. Итті жақсы көрсе де, тіпті тазы итті босағасына жатқызса да, жеті қазынаның біріне санаса да адамның иттік қасиетін кешіре алмайтын. Ал өзіне қанша қиянат етсе де, малына шауып, қотанына түссе де қасқырдың қасқырлық қасиетіне тәнтітұғын.

Енді бүгінде маң далада мыңғыртып мал бақпаса да, қасқыр атуды қызық көрген, серілік санаған, масайраған топ пайда болыпты. Астарында желмен жарысқан аэрошана, қарауылына ілінгенді құр жібермейтін қуатты винтовка. Малға да, аңға да ойсырата зиянын тигізетін қандыауыздардың тұқымын тұздай құртып жібермегендерімен, сетінеткендері септік. Бірақ жауына да құрметпен қарайтын жұрт емес пе едік. Қасқырдың қабырғасын қақыратып атқанмен, қорлаған дұрыс бола қояр ма екен. Бұрынғылар қасқырдың да киесі болады деуші еді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Қызықстан қызықтары

ОЙДАН ҚҰРАЛҒАН ҰРЛЫҚ

«Сасқан үйрек артымен жүзеді» – дейтін мәтел бар. Қазақтың төл сөзі ме, кірме мақал ма, ол жағын анық білмейміз. Бірақ образы тамаша дүние. Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында пошташы әйел дәл сол үйректің кебін киген. Бұл арада біз пошташы келіншекті құсқа теңеп отырған жоқпыз. Оқиға былай болған. 5 миллион теңгенің орнын толтыра алмай, тексерушілер келгенде, жоқты жабу үшін ойдан өтірік сценарий құрап, сақшы шақырған. «Ұрлық болды, 782 мың теңгені ұрлап кетті» – деп ойбай салыпты. Бірақ куәгерлердің жауабы мен әлгі пошташы әйелдің «ертегісі» бір-біріне қабыспай, 27 жастағы жас келіншектің өтірігі айпара ашылған. Сасқан үйректің кебін киді деген осы шығар?..

Қылмыс

АРЗАН БАСПАНАНЫҢ ӘЛЕГІ

Алматыда арзан бағаға үй алып берем деп елді алдаған 34 жастағы әйел ұсталды. Ол адамдардың сеніміне кіріп, 10 млн теңгесін қолды еткен. Бұл туралы Алматы қаласы Бостандық ауданы Ішкі істер басқармасының басшысы Дәурен Өтебаев хабарлады.

Оның айтуынша, 34 жастағы әйел екінші деңгейлі банктерден кепілдегі пәтерлерді алуға болатынын айтып, елді алдап келген. Қысқа мерзімде баспананы нарықтық бағасынан 70 пайызға арзан алуға болады деп сендіреді. Ол үшін құжат жинап, әлгі әйелдің шотына 2 мың доллар салу керек. Д.Өтебаев «Белгілі болғандай, әйел банк саласында жұмыс жасамаған. Осы уақыт аралығында полицияға алаяқтық дерегіне байланысты 5 адам арызданып үлгерді. Алайда жапа шеккен адамдардың саны одан да артық болуы мүмкін», – деді. Бүгінде алаяқтық жасады деп айыпталған әйел қамауға алынды. Ол өз кінәсін мойындап отыр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Аран

Осыдан бір ай бұрын, яғни қараша айында «Тобыл» клубының футболшылары мен бапкерлері, әкімшілігі, сондай-ақ қызметкерлері – жалпы саны елу адам Қостанай қаласындағы караоке-бардың бірінде футбол маусымының аяқталуына орай «кішігірім» отырыс өткізген.

ТОЙЫП СЕКІРДІ

№ п/п	Наименование	ед. изм.	Кол-во	Цена	Сумма
1	Мясные деликатесы 285 г	порция	12	2000	24000
2	Ассорти из свежих овощей 290 г	порция	12	1200	14400
3	Рыбные деликатесы 223 г	порция	12	2200	26400
4	Ассорти из мяса птиц 320 г	порция	13	2400	31200
5	Русский разносол 450 г	порция	12	1100	13200
6	Салат «цезарь» с куриным филе 351 г	порция	20	1400	28000
7	Салат «мексиканский» 210 г	порция	20	1200	24000
8	Салат «норвежский» 226 г	порция	20	1250	25000
9	Фруктовое ассорти 300 г	порция	8	2500	20000
10	Самса с говядиной	шт.	50	170	8500
11	Баурсаки 150 г	порция	20	300	6000
12	Бешбармак 4560 г	порция	5	23000	115000
13	Семга на овощной подушке 476 г	порция	40	2700	108000
14	Рис припущенный 18 г	порция	30	500	15000
15	Хлеб	кусок	45	10	450
16	Морс	литр	10	900	9000
17	Капуста квашеная 300 гр	порция	5	400	2000
18	Кола 0,25	бутылка	3	200	600
19	Кола 1,0	бутылка	7	400	2800
20	Фанта 1,0	бутылка	7	400	2800
21	Спрайт 1,0	бутылка	6	400	2400
22	Сок	бутылка	15	800	12000
23	Боржоми 0,5 л	бутылка	15	800	12000
24	Профитроли с сыром	порция	50	200	10000
25	Маслины, оливки	порция	6	1000	6000
Итого:					518750
Обслуживание 12%					62250
Итого:					581000

Отырыс бітуіне жақындап, көңіл көтерген спортшылар шотты сұратқанда даяшы қыз 600 мың теңге жазылған қағаз әкеліпті. Арада екі күн өткенде «Тобыл» футбол клубы» ЖШС-ның goszakup.gov.kz мемлекеттік сайтында мемлекеттік сатып алу бойынша есеп беруінде 581 022 теңге мемлекет қаржысы мерекелік кешті өткізуге жұмсалды деп жариялаған. Бұл туралы Prosport.kz хабарлайды.

Сөйтіп, миллион теңгеден асатын айлық алатын футболшылар мен бапкерлер өз қалтасынан емес, мемлекет қазынасының қаржысына караоке-барда көңіл көтерген. Еске сала кетейік, ел біріншілігінің қорытынды кестесінде «Тобыл» 5-ші орынға тұрақтап, еурокубоктан тыс қалған болатын.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ

РУХАНИЯТ
ЖҚ 7
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Орайы келген әңгіме

Амангелді Құсайыновты Астана, Алматы зиялысы жақсы біледі. Google жүйесіне еніп, бір ғана нүктені бассаңыз, ол туралы мың сан дерек табасыз. Тарих ғылымдарының докторы, профессор. Жоғары білім саласының ұйымдастырушысы. Еуразия ұлттық университетінің бірінші ректоры. ЖАК төрағасы. Ы.Алтынсарин академиясының басшысы. Қазір Еуразия гуманитарлық институтының ректоры. Айтқандайын, күрестен спорт шебері т.б. «Қой, ресми дерек не демейді?» деп, істескен әріптестерінен сұрай қалсаңыз: «Әбекең бе? Ол – қарапайым, іскер, шымыр, шыншыл адам» деген жауап аласыз... Сәті түсіп, жетпіс деген шыңның бес белесін бағындырған тұлғаны өмір туралы әңгімеге тарттық...

А.ҚҰСАЙЫНОВ:

ӨТКЕН – ӨРЕУІЛ, ҚАЛҒАН – САЛАУАТ

– Әбеке, өз тәжірибеңізде адам қай жасында қартайғанын сезінеді екен?

– Кешегі жастық шақ бүгін жоқ. Ертеңнің қандай болатынын болжау қиын. Бүгінгі шаршай бастағаның – кәріліктің алғашқы қадамы. Әр адамды заман өсіреді, қартайтады, кәрілікке мойын ұсынуға көнгің келмесе де, амалсыз көндіреді.

Уақыт қадірін білу – байлық, оны бағалай білу көбіміздің қолымыздан келмейтіндігі де рас. Уақыт келгенде мұз да ериді, уақыт келгенде кәрілікке бас ию, оны мойындау – біздің міндетіміз. Атар күннің батар кезеңі де болады. Менің түсінігімше, әр адам сегізінде тісі, сексенінде ісі түсетіндігін дұрыс бағалай білуі қажет. Кешке қалған адам түннен қалай қорықпаса, өз басым қартайғаннан еш қорықпаймын. Әр нәрсе өз уақытымен қызықты.

Бәріне шүкіршілік етіп, «өткен – өреуіл, қалған – салауат» деп жүріп жатқан жайымыз бар.

Өмір бәрімізге беріледі, ал дұрыс қартаю, оған қуана білу көбіміздің қолымыздан келмейді. Егер әр адамның бұл өмірде қайырымды ісі, мейірімге толы жүрегі болса, кәріліктің еш қорқынышы жоқ. Қадірлі адам қартайғанда да қадірін қашырмайды.

– Сіз мінезді, қызба, бірақ тез қайтатын адамсыз. Адамның мінезі туралы не айтасыз?

– Қазақ «ауру кетер, мінез кетпейді» деп бекер айтпаған болар. Бұрынғылардың сөзімен айтқанда, кіржие қалатын қызба мінезімнің барлығы рас. Сол қызба мінезден талай рет опық та жедім, талай сүбелі межелерден де құр қалғаным өтірік емес. Бірақ оған еш өкінбеймін.

Өз басым «ұстаған жерімде қолымның, тістеген жерде тісімнің ізі қалуы керек» деген қағиданы басшылыққа алған адам екенімді, адамға деген аққөңіл, аңқылдақ пейілімнен ауытқып кетпесіме сенімді екенімді еш ұмытқан емеспін.

Мен – «халық жауының» баласымын. Қараңғы қазақ ауылында «халық жауының» баласы болуды әділетсіздікті, қорлықты, зорлықты басынан өткізбеген адам ешқашан көз алдына елестете алмайды. Ол мүмкін емес. Кітап, газет-журналдардың беттерінде жазылған бір басқа, өмір бір басқа.

Өмір үйретеді, мінезді ширайды, егер күрескерлікті үйренбесең жоқ етіп күйретеді. Егер әлсіз, осал болсаң, баршаға сен үнемі айыптысың, жасықсың. Жіңішкені үзу, әлсізді таптау сол кезде де, қазір де түк емес.

Қанша қиындық көрсем де, өмірімде біреуге әділетсіздік көрсеткен адам емеспін. Оны бүгінгі таңда үлкен мақтанышпен айта алатын жағдайдамын.

«Мінез, күш білекте емес – жүректе» екенін өмірдің өзі үйретті. От ішінде туғандықтан, оттан қорықпайтындығым содан болса керек.

– Замандастарыңыз кітапты көп оқыды, құрығанда газет-журналды шолып, қарап, сөзді бағалап отырды. Осыдан не ұттыңыздар? Бүгін осы қасиет неге көзден бұл-бұл ұшты?

– Рас, біздің хат танып, оңды-солды жағдайды біле бастаған кезімізде газет-журналдардан басқа ештеңе болған жоқ. Кітап оқу, керекті деректерді тек қана газет-журналдардың бетінен іздеп табу қанымызға сіңді. Әлі күнге дейін интернет, радио, теледидардан бұрын өзіме және жаныма керектіні кітаптан немесе баспасөзден табатынымын шындық.

Кітап – алтын қазына. Ол дұрыс сөйлеуге, қатесіз жазуға, ой үстіне ой қосуға баулиды. Соның арқасында біздер атқанда – жыққан, ашқанда – оқыған, бой жетпеген жерге ой жеткізе білген ұрпақтың өкілдері болып өстік.

Қазіргі кезде жастар жағы кітап оқымайды. Керек дүниесін интернеттен шала-жансар жазылған күйінде оқып, миларын соған шынықтырады. Олардың көбі дұрыс сөйлеуден, дұрыс жазудан, ойлаудан қалуы – адамзаттық қасірет. Мұны әлем ойшылдары дабыл қағып айтып жатыр.

Ойлай алмаған адамның тереңге бойлай алмайтындығы баршаға аян.

Басқаны қойғанда, теледидар бетінен түспейтін, сөздің байыбын, ойдың арнасын түсінбейтін көп журналистің айтқанын ұғудың өзі қиын. Барлығы жаман деп көпке топырақ шашпай-ақ қояйын. Басым көпшілігі «ақылсыз бастан мақұл сөз шықпастың» кері. Маған олардың олақ сөзі – орынсыз жамау сияқты болып көрінеді. Бұл – менің жеке ойым.

– Әке-шешеден, жеті атадан адамға көп нәрсе беріледі? Осыны өзіңіз қаншалықты сезесіз?

– Жеті атамнан маған не нәрсе берілгенін қадап айта алмаймын. Олардың есімін білгеніммен, қайсының батыр, қайсының ақын, қайсының дана екенін мардымды мағлұмат жетпегендіктен, кесіп-пішіп айту жараспас. Мен әкемді 15 жасқа толғанымда алғаш рет көрдім. Шыны керек, қуғын-сүргін көріп, азап тартқан әкемнен аталарымның кім екенін тәптештеп сұраған да емеспін. Ол кезде ешкім ата қуып, далақтап жүруге шамасы жоқ-ты.

Қазір кейбіреулер қолына шоқпар ұстауға шамасы келген атасын – батыр, домбыра тарта білген атасын – дүлділ, салдырлар сөйлей берген атасын – шешен деп бөсіп жатқанда, несін жасырайық, біраз жұрт «мен кімнен кеммін?» деп ойлап қалатыны бар...

Егер бұл дүниеде өз орнын тапты, мынадай жетістіктерге жетті деп мойындалсам, оның барлығы қарапайым ғана еңбекқор анамның арқасында дер едім. Қайсыбір қасиет қанымнан берілді ме, тұтас қандасымнан берілді ме, оның бәрін маздата, серпілте отырып аялаған – анам Үнзиля. Ол кісінің арғы тегі парсы жұрағатынан екенін, нағашы жұртым өздерін дін үйреткен қожа санағанын еш жерде жасырған емеспін.

Анам арабшаға өте зерек, мұсылманша хатқа жүйрік болатын. Жүрегі кең, қолы ашық, адалдық пен тазалықтың эталоны еді.

Адамгершілікке, әділдікке, кішіпейілділікке, жетім-жесірге, жалғызға қол ұшын беруге, кім болса да көмек көрсетуге, біреудің ала жібін аттамауға сол жарықтық анам үйретті. Менің үлкен мектебім, тек-тәрбием – сол кісіден.

Өзі азаптың тозағында жүріп, мені арқалап өсірді, ешкімнен кем қылмай адам қатарына қосты, біреуден кейін, біреуден ілгері етіп тәрбие берді. Ананың алақанында, басқан ізінде пейіш барына көз жеткізген адамның біреуімін. Ол кісі «аталарыңның кегін емес, кеңшілігін ізде» деп айтудан жалықпаушы еді. Жеті атам да тексіз болмаған болар, қазақ «тегінде бардың тегі озар» деп бекер айтпаса керек. Лап етіп лаулап, жалп етіп сөне қалатын мінезім сол өз аталарымнан-ау деймін. Осылайша атаның құны, ананың сүтінің арқасында біраз нәрсеге қол жеткізгендеймін. Соған шүкіршілік етемін.

– «Туған жер» деген керемет ұғым бар. Ертіс өзені, Үлгілі ауылы еске түссе, не ойлайсыз? Ауылға барып, елді-жерді дамытамын деген Мәскеудің экс-мәрі Ю.Лужковтай (мысалға) ой болған жоқ па?

– «Туған жер – тұғырын, Туған ел – қыдырын» деп тегін айтпаса керек. Мен үшін Үлгілі ауылы – дүниедегі ең бір асыл жер. Былай қарасаң, қызығарлық ештеңесі жоқ секілді. Жазда өкпек желдің, қыста қақаған сары аяздың дәл ортасында. Соған қарамастан Балқаштың қара қоғасы, Ащының тұз оранған сайы, Жалғыз ағаштың жидегі еш жерде жоқ дер едім. Бәрі кешегідей көз алдымда. Біздің ауыл – ырыстың кіндігі ғой.

Қарасудың жиегіндегі қарақаттың дәмі, жұпар иісті жусаны, ауылдың күйесіз түтіні, шипалы ауасы басқа жерде бар ма екен? Аққу-қаз өз көлін қалай аңсаса, мен де Үлгіліні солай аңсаймын.

Қазақ «өнерсіз елдің өрісі тар» дейді. Ол рас. Біздің ауыл -қазақтың суырып салма ақыны бауырындай көрді. Кейін қазақ жігіттерінің көпшілігі неміс қыздарына үйленді, ал қыздарымыз неміске шығып жатты. Бұдан ұлт мүддесі тұрғысынан ұтылған да шығармыз, бірақ адамдық мүддеден алшақ кеткен жоқпыз.

Совет өкіметі құлаған соң, ауылдың жартысы Германияға, жартысы Екібастұз бен Павлодарға көшті. Қазір бұрынғы 200-ден астам үйі бар ауыл жұртының орнында бар-жоғы 20-30 үй ғана қалды. Бүгінде ауылға бара қалсақ, бірде-бір адамды танымаймыз. Бір кездегі миллионер «Үлгілі» колхозы аты бар да, заты жоқ шағын ауылға айналды. Біз ауылдан өткен ғасырдың 60-жылдары кеттік те, қызмет бабымен Алматыда қалып қойдық. Басты мәселе – осында. Байланыстың үзілуінде. Сағынып, сарғайып барғанмен, қолдан келер дәрмен бар ма?.. Ю.Лужковтай болу үшін соныкіндей қаржың болу керек.

– Рас, бәріміз Отанымызды жақсы көреміз. Бірақ түрлі жағдайда, пенде ретінде «Қазақстанның мына жері әдемі, себебі мынау...» деп айта аласыз ба?

– Әркімнің туып-өскен жері – өзіне жұмақ. Әр азамат өз елінің басы болмаса да, сайының тасы болуға міндетті. Бақа – көлін, бұлдырық шөлін қалай сүйсе, адам кіндік қаны тамған елін солай сүйе білу керек дер едім. Сондықтан Қазақстанның ана жері анадай, мына жері мынадай деп айту орынсыз. Бірақ, құдайға шүкір, еліміздің бар өңірінде көкорайлы бел де, демалатын жер де жеткілікті. Тек соны көрсете, таныстыра білуіміз қажет.

– Ұлт дәстүрі деген керемет құндылық бар. Сіз қай дәстүрімізді ерекше бағалайсыз? Оның себебін қалай түсіндіресіз?

– Өз басым – әдет-ғұрып, дәстүрдің озығын мойындайтын, тозығын қабылдамайтын адаммын. Кейде «бұрынғының жолы» деп неше түрлі жүйесіздікті сақтауды қалайтындар бар. Өзің айтып отырған ұлт дәстүрі деген керемет құндылық тек қана қазақтың қанында бар, басқа халықта жоқ деп 100 пайыз айта аласың ба? Ол дәстүр басқа ұлтта басқа формада, басқа мазмұнда көрінеді. Әр халықтың өзіне тән өзгешелігі болуы мүмкін. Дәстүр, салт, әдет жер бетіндегі этностардың бәрінде бар.

Өткен дәуір – бізге сабақ. Оның жақсысын алып, жаманынан құтылуға тиістіміз. Қазір біздің қоғам тозаң басқан құдықтың да, тозығы жеткен салт-дәстүрдің бар екенін мойындауы керек.

Мен ұлттың еңбекқорлығы мен әділеттілігін, кәсібилігі мен тәртіптілігін қолдайтын, арттыратын барша салт-дәстүрді қолдаймын.

Әр дәстүр, салт, әдет-ғұрып адамгершіліктің шеңберінде болуға тиіс. Дәстүр осылай екен деп басқа шашылудың қажеттілігі бар ма? Ас көп болғандықтан дәстүр де, салт та, кәде де өзгерді. Әдет – әдет емес, жөн әдет екенін естен шығармайық.

– «Дәстүр, салт жаңарып отыру керек» деседі... Абай хакім де қазақтың біраз салтын сынайды. Сіз не дейсіз?

– Бүгінгі күнде дәстүр, салт, әдет деген ұғымдардың мазмұны мен сарыны заман талабына сай, соның өрісіне қарай жетілуі тиіс. Ертеде бізде анау да болды, мынау да болды деп, бүгінгі өмірімізге тықпалай берудің жөні де, жосығы да жоқ. Қазір заман да, заң да өзгерді.

Өкінішке қарай, қазіргі қазақ тойларында беттің арын белбеуге түйіп, саны бар сапасы жоқ, ойдан құрастырылған салт-дәстүрден аяқ алып жүре алмайсыз. «Тобылғы ұялғаннан қызыл болыпты» дегендей, ұяттан жерге кірер тесік те таба алмай қаласыз.

– Қайырымдылық, мейірімділік, түсінушілік ... бұл ұғымдарды сізге тәптіштеу артық шығар. Жұбайыңыз екеуіңіз жастай осының бәрінен, яғни тағдыр сынынан өтіп, бүгінде ғажап суреттеріне «ГаБо» деп қол қоятын қазақтың қос талантты қызын тәрбиелеп өсірдіңіздер. Осы жолда не түйдіңіз? Неге қам жедіңіз? Неден сабақ алдыңыз?

– Жетімдіктің, жесірліктің, қорлықтың, зомбылықтың, әділетсіздіктің неше түрін бастан өткізген жанбыз. Өзің айтып отырған Исаның кіндік қаны тамған жері. Ауыл мектебінде кезінде репрессияға ұшырап, құғындалып келген мұғалімдер еңбек етті. Олар өз ісін терең білген, талайды басынан өткізген дана адамдар еді. Соның себебі болар, мен оқыған мектептен 4 ғылым докторы, 19 ғылым кандидаты, 6 спорт шебері шықты. Бұл – үлкен мақтаныш.

Тағдырына қарай ауыл екі этнос өкілінен тұратын. Жартысы – өз қазағымыз, жартысы – Еділ бойынан жер аударылған немістер-тін. Қазақтың аңқылдаған ақ жүрегі оларды өз қайырымдылықтың, мейірімділіктің, түсінушіліктің қадірін, мәнін өмір үйретті. Өз басымнан өткен бір жағдайды айтайын. Кеңес өкіметі кезінде мектептегі әр оқушыға «октябренок», «пионер», «комсомол» деген сатылардан өту міндеттелінетін. Октябренокке өткен-өтпегенім есімде жоқ. Пионер қатарына өтуге қатты дайындалдым. Тиынды тірнектеп жиып, қызыл галстук, оны өткізетін темір шеңбер сатып алдым. Сол күндері «Сені өткізсе жақсы болар еді. Бұл күнде бақ біреудің маңдайына, біреудің таңдайына қонып тұр ғой. Жүнің жығыла ма деп қорқамын» деп анамның күйзелгені әлі есімде.

Біздің класс жетекшіміз Хасен Тәңірбергенов деген ағай болатын. Оның жұбайы Халима мектепте «пионервожатый» болып қызмет атқаратын.

Кластағы оқушылар пионер қатарына өтушілерге жамырай қол көтеріп, бірінен соң бірін пионер қатарына қабылданып жатты. Кезек маған да жетті. Халима апай менен әкемнің қайда екенін сұрады. Мен жауап қатпадым. Сол кезде ол кластағы оқушыларға қаратып: «Совет өкіметіне қарсы шыққан «халық жауының» баласын пионер қатарына қабылдауға бола ма? «Болады» дегендерің қол көтеріңдер!» демесі бар ма? Барлығы да «жоқ» деп жамырады. Сол кездегі жағдайымды, жан күйімді осы күні еске алсам да көзіме жас үйіріледі. Бүкіл кластан мен және Мусин Мажай екеуміз ғана пионер қатарына қабылданбадық. Ол марқұмның да әкесі «халық жауы» болып сотталған екен. Ол кез – жөн білмеген ұрда-жықтардың бүлінсең қуанып, сүрінсең табалайтын уақыты. Ол аз болғандай, біраз уақыт кластастарым менен бойын аулақ салып, тіпті ойнамай да қойды. Өмір-шіркін жан төзуі үшін уақыт салар жараға, адам жасар әділетсіздікке бой ұсынып көнуге үйретеді.

Шешем марқұм өле-өлгенше маған «ешкімге жамандық істеме, қолыннан келсе жақсылық істеуге тырыс» деуден шаршамайтын. «Істеген жақсылығың да, жамандығың да жеті ұрпағыңа дейін алдыңа келеді, осыны ұмытпа» деп отырушы еді.

Құдайға шүкір, егіз екі қызым – қазір ел таныған суретшілер. 17 шетелде көрме ұйымдастырды.

Рим папасы әр 10 жылда дүниежүзілік мүгедек суретшілердің көрмесін өткізеді. Сол көрмеге қатысқан балаларымның екі суреті Ватикан галереясында тұр.

Олар жыл сайын рак ауруына шалдыққан жас балаларды емдеуге арнап сурет аукционын ұйымдастырады. Біздің қыздарымыздың немесе қазақтың екі қызының суреті сондай қайырымдылық шарасына тұрақты қызмет етіп тұр. Барлығына шүкіршілік етемін.

Менінше, ұша білген қанатқа – дүние кең. Ең басты байлық – қайырымдылықта. Руы жақын емес, рухы жақындармен дұрыс қарым-қатынас жасау, адамгершілікті дұрыс бағалау – кісілік өлшемі. Суалмайтын суат, таусылмайтын бұлақ жоқ. Өмір сабағы бәріміздің айналаға, ортаға бей-жай қарамауды, сүрінгенді демеп, құлағанды тұрғызуды аманаттайды.

– Жалпы «тағдыр» және «өмір үшін күрес» деген әрі философиялық, әрі адами ұғымдарды қалай түсіндіресіз?

– Осы сұраққа орай анамның ертеректегі бір сөзі есіме түсті.

Бірде біздің үйге келген бір ағайымыз «тағдырдың жазғаны ғой» деп, сөзін бірнеше рет қайталады. Сонда анам: «Әр нәрсе жарық дүниеге келгенде, бір адам оны алақанына салып, жаялыққа жауырынын тигізіп жатқызады. Сол адамның алақанына құдайдың өзі сол нәрестеге тиісті тағдырды сыйғанынша салып береді. Ол – құдайдың саған берген тағдыры, еншісі. Ал қалған өміріндегі басқа жыртық-жамауды бүтіндеу – әр адамның қолында. Оны қалай атқарасың – өз ісің. Егер құдай бәрімізге өміріміздің соңына дейін тағдырымызды сый етсе, өмірдің қызығы да шыжығы да болмас еді» деген еді. Осы дұрыс па деймін...

Өмір үшін күресу – әр адамның міндеті. Өмір – арман. Арманы жоқ адам – пәрменсіз, қанатсыз құс. Биікке шыққысы келген, өзеуреген адам әрқашан да өзіне баспалдақ табады. Өмір сені қандай жағдайға тұрғызса да, сен түзу тұра білуің қажет, ол – міндет. Бүгін тізем бүгілді деп қамықпа, тұруың оңай болады.

Өмірде жапырақ қана өз бетімен суда ағады. Асыл тас – су түбінде, оны алу үшін тереңге сүңгуің керек. Өмір – сабақ. Одан ешкім бас тарта алмайды. Өмірінде бас иіп ешкімге жетімсіреме, сәтсіздік үшін ешкімді кінәлама, ешкімнің алдында жарамсақтанып ақталма. Өмірде өзін-өзі жеңген адам ғана жеңіске жетеді.

Өзіне, отбасына, еліне жауаптымын деген жас азамат тағдырдың қиындығына мойымау керек. Өйткені, табандап еңбектенгенге қиындықтан соң жақсылық та, береке де келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Дихан МЫҚТЫБЕК

> **Қазіргі кезде жастар жағы кітап оқымайды. Керек дүниесін интернеттен шала-жансар жазылған күйінде оқып, миларын соған шынықтырады. Олардың көбі дұрыс сөйлеуден, дұрыс жазудан, ойлаудан қалуы – адамзаттық қасірет. Мұны әлем ойшылдары дабыл қағып айтып жатыр.**

> **Уақыт қадірін білу – байлық, оны бағалай білу көбіміздің қолымыздан келмейтіндігі де рас. Уақыт келгенде мұз да ериді, уақыт келгенде кәрілікке бас ию, оны мойындау – біздің міндетіміз. Атар күннің батар кезеңі де болады. Менің түсінігімше, әр адам сегізінде тісі, сексенінде ісі түсетіндігін дұрыс бағалай білуі қажет.**

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ТАНЫМ

Қасиетті Қазығұрт өңірінде тарихы тереңде тұрған Тұрбат атты елді мекен бар. XIII ғасырда сол жерде туып-өсіп, Қожа Ахмет Яссауидың діни ілімін жалғастырған, халықты ізгілікке, дінге, иманға бағыттап, соңынан ерткен Ысмайыл ата Ыбрайым ата ұлы Тұрбаттың атын шығарып, даңқын асырды. Ата ілімін жалғастырған оның ұрпақтары діни ілімнің атадан балаға өтетін ерекше тізбегін құрып, өте ықпалды топқа айналдырды. Дүниеге ислам дінін таратуда аса белсенділік танытып, бірнеше ғасыр бойы Мәуренахр мен Түркістанда, Қорасан мен Үндістанда халықты соңынан ерте алды.

Тұрбат. Ысмайыл ата кесенесі

XIV ғасырда жарты әлемді жаулаған сайыпқыран Әмір Темір оның ұрпағы Қожа Баязидті ұстаз тұтып, ол ұстаған дін жолын мойындап, тарықатты құрметтеді. Бұл құрмет Тұрбатта оның данқты бабалары Ысмайыл ата мен Ысқақ атаға алып кесене тұрғызылуына себеп болды.

XV ғасырда тәжік халқының мақтанышы ұлы классик-ақын Әбдірахман Жами, өзбек халқының мақтанышы, ұлы классик-ақын Әлішер Науаи өз еңбектерінде Ысмайыл ата мен оның ұрпақтары туралы жазды.



Тұрбат. «Ысмайыл ата» тарихи-архитектураның кешені. XII-XV ғасырлар

"Ысмайыл ата" архитектуралық ансамбль кешеніндегі мешіт. Сыртқы көрінісі

XVI ғасырда Үндістанда Ұлы Моғол империясын құрған Бабыр патша өзінің «Бабырнамасында» Ташкенттегі хан сарайынан Ыбрайым ата, Ысқақ ата мазараттары тұрған Тұрбатқа (Жағаға) барып, нағашысы, Шығыс Моғолстан ханы Сұлтан Ахметті (Алаша ханды) күтіп алғаны туралы жазады.

Тұрбат, Ысмайыл ата және оның ұрпақтары туралы дерек сол заманның басқа да атақты ғұламалары (Фахриддин Әли Кашифи, Мұхамед Әлім Әл Алавуий т.б.) жазған қолжазба арқылы бізге жетті.

Мәселен, XV-XVI ғасырда өмір сүрген ғұлама Фахриддин Әли Кашифи өзінің «Рашахат айн Әл Хайат» кітабында ұстазы Қожа Ахрар Ысмайыл ата айтқан екен деп, үнемі қайталап отыратын төмендегі сөзін келтіріпті:

«Адамдарға аптапта сая болындар, суықта киім болындар, аштықта нан болындар».

Ұрпақтың алға, иманға ұмтылуы үшін қамшы болатын, сегіз ғасыр бұрын айтылған бұл қанатты сөздің сәл өзгертілген түрі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында да айтылды.

Бұл аңыз-тарихты 1889 жылы, осы өңірде Ақжар болысының басқарушысы қызметін атқарған шарбұлақтық Көбей Тоқболатұлы Әбубәкір Диваевқа жазып берді.

Ол еңбек орыс тіліне аударылып, 1901 жылы Ташкент қаласында басылған «Туркестанский сборник» топтамасының 440-томында «Предание о Хазряти Исмаил ата» деген айдармен жарияланды.

Өткен ғасырдың соңында жазушы, Қазығұрттың тумасы Қалаубек Тұрсынқұлов та осы тарих туралы жазды. Ол Ысмайыл атаның атақты ақын ұрпағы Атаий шығармашылығын зерттеп, мақала жазып, өз Отанына қайтаруға, қазақтың көне әдебиетінен орын алып беруге тырысты.

Ол кісінің еңбегі зая кетпеді, соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Шымкентте шығарылған «Қазыналы Оңтүстік» сериясының үш томы Атаий шығармашылығына арналды. Осы бағдарлама бойынша академик С.Қасқабасов басшылығымен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әдеби жәдігерлер» айдарымен шығарған 20 томдықтың 19-томы Атаий шығармашылығына арналыпты.

Бұл тарихты 1987 жылы Американың ғалымы, Индиана университетінің профессоры Дэвин Ди Уис



Тұрбат. «Ысмайыл ата» тарихи-архитектураның кешені. XIX-XX ғасырлар

те көтерді. Ол Қабул ұлттық мұрағатынан Ысмайыл атаның үлкен ұлы Ысқақ қожаның «Хақикат Әл Арифин» атты еңбегінің қолжазбасын тауыпты. Ол туралы «Түркістанды исламдандырудың Яссауи аңыздары» деген мақала жазып, ғылым әлеміне таратты. Мақала яссауитану ғылымына үлкен жаңалық, сілкініс әкеліп, қозғалыс тудырды. Нәтижесінде, Американың ғалымы Дэвин Ди Уис пен қазақ ғалымы Әшірбек Момыновтардың бастауымен Өзбекстан, Қазақстан, АҚШ, Германия, Швейцария, Голландия, Ресей ғалымдарын қосып, үлкен жоба ұйымдастырылды. Жұмыс барысында еліміздің Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарына, Өзбекстанның Ташкент облысына экспедициялар ұйымдастырылып, халық арасынан өте көп қолжазба, насабнама жиналып, оларға сараптама жасалды.

Жоба нәтижесі «Орталық Азиядағы исламдандыру және киелі насабнамалар: Ысқақ баб мұрасы риуаяттар мен шежірелер дәстүрінде» атты екі томдық дүниеге келді.

Аталған еңбекте Ысмайыл ата ұлы Ысқақ қожаның «Хақикат Әл Арифин» атты еңбегінің Қабул нұсқасы мен Өзбекстандағы шығыстану институтындағы тоғыз нұсқасының қолжазбалары егжей-тегжейлі зерттеліп, бұрын ғылым әлемінде айтылып жүрген Ысмайыл ата тарихына байланысты дерекке түзету енгізілді. Олар:

1. Осы күнге дейін ғылымда Ысмайыл атаны Қожа Ахмет Яссауидың Ыбрайым ата деген інісінің ұлы деп келінген еді. Қожа Ысқақ еңбегі Қожа Ахмет Яссауидың он бірінші атадағы бабасы Ысқақ бабпен Ысмайыл атаның он үшінші атадағы бабасы Әбдіжәліл баб арқылы табысатын алыс туыс екенін көрсетіп, анықтық енгізді.

2. Ысмайыл атаның Қожа Ахмет Яссауиға байланысатын рухани тізбегі ғылымда Ысмайыл ата– Сейіт ата – Зеңгі ата– Хәкім ата– Қожа Ахмет Яссауи түрінде қабылданып келді. Қожа Ысқақ еңбегінің қолжазбаларында бұл жөнінде деректер бар.

Жобаға қатысушылар Ысқақ баб туралы әңгіме айтылатын көп еңбектің ішінен ең ескі қолжазба деп XIV ғасырдың орта тұсында құрастырылған Ысқақ қожаның «Хақикат Әл Арифин» еңбегінің қолжазбасының Қабул нұсқасы екенін анықтап, жобаның басты нысаны ретінде таңдап алыпты.

Жобаның тақырыбы айтып тұрғандай, Ысқақ қожа еңбегінің Ысқақ бабқа байланысты бөлігі ғана зерттелгендіктен, еңбектің қалған 90 пайыз бөлігі ескерусіз қалған. Бұл, әрине, өте өкінішті.

Енді, халық қиялынан туған аңыз бен ақиқат шырмалған сегіз ғасырлық бұл тарихтың ақиқатының беткі қаймағын ажыратып көрсек...

Ол – әйгілі Мәуренахр сайыпқыраны Әмір Темір Әзіреті Ысмайыл ата мен оның ұлы Ысқақ атаға арнап салдырған әрі алты ғасырдан бері тұрған алып кесенелер.

Ол – Үндістаннан Сібірге дейін шашылып, тараған Ысмайыл атаның ұрпақтары.

Ол – Ысмайыл ата кесенесі алдындағы әулиенің кереметімен қаза болған Мәнді ата шайхтың зираты.

Ол – сегіз ғасырдан бері Ысмайыл ата мазаратында атадан балаға мирас болып келе жатқан көр қазушылық кәсіпті нәсіп еткен Мәнді атаның ұрпақтары.

«Дінімізде ең сауапты саналатын бұл кәсіпті бізге Әзіреті Ысмайыл атаның өзі тапсырған» – деп, осы күнгі Мәнді атаның ұрпақтары мақтаныш ететіні де ақиқат.

Омыртқа қаңлының Шарымынан тарайтын Мәнді ата ұрпақтарын «тарих диірмені» бірін қазақ, бірін өзбек етіп, алыстатса да, тату-тәтті ағайын болып тұрып жатқаны да ақиқат.

Кәрім АППАЗОВ, *зерттеуші*
Оңтүстік Қазақстан облысы

ҒАЛЫМНЫҢ БҰРЫННЫҢ

Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ

Қазақстан халық әртісі, қазақ өнерінің қабырғалы қайраткері **Құман ТАСТАНБЕКОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына, дос-жарандарына қайғырып көңіл айтамыз.

Қазақтың тұңғыш кәсіпқой футболшысы, спорт қайраткері **Тимур СЕГІЗБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына, дос-жарандарына қайғырып көңіл айтамыз.

Белгілі журналист **Рахат МАМЫРБЕКТІҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз.

«Жас қазақ» газетінің ұжымы

ҚОЛДАУ

Алып шаһар Алматыда «Нұр Отан» партиясы мүшелерінің қатары тағы да толыға түсті. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 25 адам саяси ұйымның мүшелігіне қабылданып, куәлік табыс етілді. Олар – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің студенттері мен оқытушылары.

«Қара шаңырақтағы» қуаныш

Салтанатты рәсімде сөз бастаған ҚазҰАУ-дың ректоры, академик Тілектес Есболов жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі табыстарының кілті ел бірлігінде, ұлттардың татулығында екенін баса айтты. Сондай-ақ ол «Тәуелсіз елдің сенімді тұғыры – халықтың бәсекелік қабілеті мен өршіл рухы, жасампаз жігері мен кемел санасы. Бұл құдіреттің мәні мен болмысын Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан жақсы білесіздер. Қазақстан үшін тәуелсіздіктің әр күні парасат пен пайымға толы. Біздің ұжым Тұңғыш Президентіміз бен «Нұр Отан» партиясының сенімді көмекшісі болған және болып қала береді. Университетіміздегі бастауыш партия ұйымында мыңға жуық адам «Нұр Отан» мүшесі. Бүгін жаңа толқынмен толығамыз» – деді.

Партия билетін табыстауға келген Алматы қалалық бөлімшесі жетекшісінің орынбасары Қайыммұнар Тәбеевтің айтуынша, «Нұр Отан» сапына қабылдану үлкен жауапкершілік болып табылады. Алдағы уақытта мүшелікке өткен әрбір адаммен насихат жұмысы жүргізіледі. Себебі олар партияның жобасын, бағыт-бағдарын білуге міндетті. Президенттің саясатын қолдайтын ұйымның әрбір жақтаушысы өз міндетіне адал болуы шарт.

Бұған қоса, ол елімізде жүргізіліп жатқан әртүрлі реформа мен Елбасы жүктеген барлық бағдарламаны орындауда нұротандықтардың үлесі басым екенін атап өтті.

Партия мүшелігіне кірген 25 азаматтың бірі 22 жастағы Қайырбек Үмбетжанов. Ол Қазақ ұлттық аграрлық университеті ветеринария факультеті, «Клиникалық ветеринариялық медицина» кафедрасының көмекші қызметін атқарады. Қ.Үмбетжанов еліміздегі осындай ірі және беделді ұйымның өзіне артқан сенімін ақтау үшін қолдан келгенін жасайтынын айтты.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН – *арнаулы тілші*

Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2144;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.